БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 193 (9511) ‖ 1954 жылғы 28 сентябрь Сейсенбі ‖ Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тыйын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

**Н. С. Хрущевтың ағылшын ғалымы және қоғам қайраткері профессор Джон Берналды қабылдауы** (1-бет).

АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУ — БІРІНШІ ПАРЫЗ: **А. Төкенов.** —Комбайншының табысы (1-бет).

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫНЫҢ ТӘЖРИБЕСІ: **Л. Штоль.** — Бұзауды күте біл (1-бет).

**Ш. Қанашов**—Мемлекет мүддесі бәрінен де жоғары (2-бет).

**З. Қаскеев.** —Мал шаруашылығына басшылық жақсартылсын (2-бет).

Бүкілхалықтық іске қосылған үлес (2-бет).

МАРКСТІК -ЛЕНИНДІК ТЕОРИЯНЫ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК: **В. Платковский.** —Марксизм -ленинизм таптар және тап күресі туралы (2,3,4-беттер).

ҚОҒАМДЫҚ МАЛ БАСЫН КӨБЕЙТІП, ОНЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРА БЕРЕЙІК: **С. Поршин.** —Мал қыстатуды үлгілі өткіземіз. **В. Гмызин.** —Қой шағылыстыру ұйымдасқан түрде өткізілсін (3-бет).

**Ж. Қыйлыбаев.** —Совет ауданында мәдени- ағарту жұмыстарына мән берілмей отыр. (3-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

# Әрбір колхоз, совхоз астық дайындау жоспарын толық орындайтын болсын

Еліміздің республикаларының, өлкелері мен облыстарының колхоз, совхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындағандығы жөнінде орталық баспасөзде күн сайын қуанышты хабарлар жариялануда. Еліміздің ауыл шаруашылығының еңбекшілері партия мен үкметтің астық молшылығын жасау жөнінде алға қойған міндетін ойдағыдай жүзеге асыруға белсене кірісіп, үстіміздегі жылы мол егін өсірді, мол егінді ысырапсыз жыйнап алып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын ойдағыдай орындауда. Сөйтіп, астық молшылығын жасау сыяқты бүкілхалықтық күреске лайықты үлес қосуда.

Біздің облысымыздың алдыңғы қатарлы шаруашылықтары да бұл бүкілхалықтық күресте үздік шығып, мол егін өсірді, оны ысырапсыз жыйнап алып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын көзірдің өзінде толық орындады. Алайда, астық дайындау жөнінде біздің облысымыз үшін белгіленген мерзімнің өтіп бара жатқандығына қарамастан, облыс колхоздары мен совхоздарында астық дайындау қарқыны мүлде қанағаттанғысыз болып, біздің облысымыз бұл жұмыс жөнінде республикада ең артта қалып қойды. Әлі күнге дейін облысымыздың бірде-бір ауданы мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындаған жоқ.

Шынында облысымыздың колхоздары мен совхоздарының егінді ысырапсыз жыйнап алып, астық дайындау жұмысын табысты жүргізуіне толық мүмкіншілігі болды. Мемлекет тарапынан облыс колхоздары мен совхоздарына зор көмек көрсетілді, олар жүздеген комбайндар, тракторлар, автомобильдер, егін жыйнау мен астық дайындауға қажетті және басқа техникалар мен құрал-саймандарды керегінше алды. Сол сыяқты, басқа туысқан республикалар мен облыстардан біздің облысымызға егін жыйнауға көмекке жүздеген маман комбайншылар, трактористер мен шоферлар және басқа мамандықтағы адамдар келді.

Егіншілердің қажырлы еңбегі нәтижесінде облыс колхоздары мен совхоздарында мол егін өсірілді. Бұл жағдайлардың барлығы облысымызда егінді ысырапсыз жыйнап алып, астық дайындау жоспарын алдеқашан толық орындауға мүмкіншілік берген еді. Бірақ, жоғарыда атап өткендесті. Қырмандарда астықтың мол болуына қарамастан автомобиль транспорты да астық тасуға нашар пайдаланылды және көзір де нашар пайдаланылып отыр. Көп жағдайларда қырмандарда астық машиналарға тез тиеле қоймайды, элеваторлар мен дайындау орындарында да автомашиналардан астық кезінде түсірілмейді. Осының салдарынан автомашиналардың көп уақыт босқа тұруына жол беріледі. Мәселен, соңғы күндердің өзінде Мамлют элеваторында күн сайын 50—60 автомашина тиелген астығы түсірілмей, кезек күтіп, қөп уақытты босқа өткізуде. Элеватор басшылары, сол сыяқты, бұл жағдайды күн сайын көріп, білін отырған Мамлют аудандық партия комитеті мен Совет атқару комитеті мұндай сорақы кемшілікті жою жөнінде ешбір шара қолданбай, оған төзімділік жасап отыр.

Турасын айту керек, бізде кінәні ауа райының қолайсыздығына аударғысы келетін басшылар да жоқ емес. Жоғарыда аталған Ленин, Октябрь және Преснов аудандарының басшылары астық дайындаудың ауа райының қандай жағдайында болса да тоқтаусыз, қарқынды жүргізілуін қамтамасыз етудің орнына, кінәні ауа райына артып, әдепсіздікке салынды. Ал, соңғы бескүндікті ауа райының мейлінше қолайлы болғанына қарамастан Петропавл ауданы астық дайындау жөніндегі бұл бескүндіктегі тапсырманы небары 21 процент қана орындады. Бұл— мүлде төзгісіз факт. Аудан басшылары (ҚКП аудандық комитетінің секретары Қабдунасов, аудандық Совет атқару комитетінің председателі Маслова жолдастар) енді кінәні кімге аударар екен?!

Облыс партия, совет ұйымдарының, ауылшаруашылық, дайындау органдарының, барлық егіншілер мен механизаторлардың бүгін таңдағы ең негізгі және абройлы міндеті—әрбір колхоз, совхоз бойынша мемлекетке астық тапсыру жоспарының қайткенде толық орындалуын қамтамасыз ету. Мұны бізден Отан мүддесі талап етеді.

Көзір колхоздар мен совхоздарда егін ору негізінен аяқталуына байланысты барлық күш жұмыстың негізгі участогі —қырмандарға топталды. Бұл —қырмандарда жұмыстың өнімді істелуіне бұрынғыдан да қолайлы жағдай туды деген сөз. Колхоз, совхоздар мен МТС басшылары

# Астық дайындау жоспарын орындау—бірінші парыз

## КОМБАЙНШЫНЫҢ ТАБЫСЫ

Күндегі дағдысымен ерте оянған Жүкен Смағұлов шапшаң киінді де комбайн тұрған егіс даласына бет алды. Комбайнға жақындағанда «ДТ—54» трактордың трактористі Сергей Малиновскийді, өзінің көмекшісі мен май құюшы және сабан шөмелелеушілерді көрді. Бұлардың бәрі келісімен комбайн мен тракторды майлап, бөлшектерін тексере бастады. Әрқайсысы, күнілгері келіскен жұмыстарын істеп жатыр. Жүкен моторды, көмекшісі Василий Кочаргин барабан бөлшектерін тексерудс. Оның шынжырларына май құйып, винттердің беріктігіне назар аударады.

Жаңа шығып келе жатқан күн түгі түскен шықты құрғатып та үлгерді. Көптен бері комбайншының қыймылына назар аударып, трактор рулін ұстап отырған Сергейге «жүр» дегендей Жүкен белгі берді. Ауыр тұлғалы «Сталинец-6» комбайны баяу қозғалып, жүріп кетті. Ұшықыйырсыз егін, ауыр бастарын көтере алмай тұрған билай сабақтары, қамысты көлдің құрағындай майысып, баяу ескен желмен теңіз бетіндей толқыйды.

Ұзын хедердің үстіне қатарлана түсіп жатқан бидай, полотномен бірге жылжып, қабылдау камераларына түсіп жатыр. Енді аз уақыттан соң комбайннан созылып шыққан гудок даусы естілді. Бұл комбайннан астық алушыларға «бункер астыққа толды» деп берілген хабар болатын. Комбайн жүрісі бәсеңдеген кезде ұзын шүмектен тасқындай ағылған дән, машиналардың кузовасын лезде толтырды.

Олар түскі тамақ уақытында да жұмыстарын тоқтатқан жоқ. Асты жұмыс басына алдыртып және кезектесіп тамақтанды. Әлгіде ғана жайқалып тұрған егін алаңының үстінде енді тек тау-тау болып үйілген сабан шөмелелері мен қырқылған егін түбірлері ғана қалды. Жүкен егін оруды түн ортасына таяу тоқтатты. Өйткені, бұл кезде қалың түскен шық егін сабақтарын дымқылдандырып, барабан аппараттарының жұмыс істеуін қыйындатқан еді.

—Бүгінгі көрсеткішіміз 40 гектар,— деді ол қасына келген трактор бригадасының бригадирі Қайыр Нүрпейісовке.

Семиполка МТС-нің комбайншысы Жүкен Смағұлов быйыл да Жамбыл атындағы колхоздың егін даласында жұмыс істеп жүр. Күніне 12 гектардың орнына баса көңіл бөлетін мәселесінің бірі— комбайн маңында жұмыс істейтін барлық адамдарды байқағыш, сезгіш болуына дағдыландырады. Комбайн тетіктерін жақсы білетін Жүкен, көмекшісін, трактористі, сабан шөмелелеушілерді, май құюшыларды комбайнның ең негізгі бөлшектерімен таныстырып отырады. Қандай себептермен болмасын жұмысқа бөгет келтіретіндердің барлығын айтып, түсіндіреді. Ең ақырында, әрбір адамның өз жұмысын қалай атқару керектігін де айтады.

Жүкен жұмыс үстінде үнемі ізденіп, үйреніп отыратын жаңашыл комбайншы. Ол өз жұмысында кездескен кемшіліктерді келешекте қайталамау үшін күні бұрын ойластырып, бөгетті жою әдістерін қарастыра жүреді. Мәселен, маусымның алғашқы кезінде бітік шыққан егінді орғанда дән сабанмен бірге кетіп қалуы сыяқты, жағдай кездесті. Жүкен оны болдырмаудың жолын тапты. Дәннің сабанмен бірге кетіп қалмауы үшін ол транспортердің астындағы винтилятордың айналымын бұрынғыдан әлде қайда тездете түсті. Бұл жағдай желдің қатты үрлеп, дәннің сабаннан толық бөлініп алынуына мүмкіншілік берді.

—Жүкеннің бастырған астығын бірден мемлекет қоймасына өткізуге жарайды,— деді бункердегі дәнді қолмен ұыстап қолхоз бастауыш партия ұйымының секретары Тенебас Құсайынов, өйткені, оның комбайнына үшінші елеуіш орнатылып астық таза күйінде алынады. Жүкен кезір де қажырлылықпен еңбек етіп жүр. Оның еңбек сүйгіш комбайншы екенін мына көрсеткішінен де білуге болады. Ол соңғы төрт сменада тапқан еңбекүніне 500 сом ақша, 6 центнер бидай алды.

—Комбайнның өнімді жұмыс істеуі— комбайншының қолындағы тетік. Ол үшін комбайншы өз мамандығын толық меңгеріп, жұмысты ұйымдастыра білумен бірге уақытты дұрыс пайдалануы керек,—дейді ол.

Жыл сайын оның айтарлықтай табыстарға жетіп отырғанының сыры да осы. Өнімді еңбек, сапалы жұмыс көпжылдық тәжрибенің нәтижесі болып отыр. Сондықтан Семиполка МТС-нің коллективі Жүкен Смағұловты озат комбайншы деп орынды мақтан етеді.

А. ТӨКЕНОВ

## Облыс аудандарында ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

25 СЕНТЯБРЬДЕГІ МӘЛІМЕТ

(Жоспардың орындалу проценті)

| Аудандар | Мемлекетке астық тапсыру | Жыйналған дәнді дақылдар | Жыйналған картоп | Зябь жырту | Күздік егу | Сүрленген шөп | Маяланған сабан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Булаев | 71,7 | 100 | 0,7 | 44,8 | 18,0 | 93,9 | 7,9 |
| Петропавл | 67,2 | 98,6 | 9,6 | 33,4 | 75,8 | 35,2 | 20,7 |
| Конюхов | 63,8 | 99,0 | 25,9 | 28,5 | 35,3 | 86,6 | 24,4 |
| Совет | 61,8 | 98,4 | — | 28,5 | 12,8 | 28,8 | 10,4 |
| Полудень | 57,1 | 96,2 | 0,6 | 20,0 | 55,2 | 52,4 | 8,8 |
| Приишім | 46,7 | 99,3 | 1,6 | 37,4 | 42,3 | 28,4 | 17,8 |
| Соколов | 46,5 | 89,2 | 4,3 | 17,6 | 73,5 | 50,1 | 10,2 |
| Мамлют | 44,9 | 98,9 | 2,8 | 14,4 | 27,2 | 29,9 | 14,7 |
| Октябрь | 39,9 | 100,6 | 13,4 | 47,2 | 84,4 | 45,9 | 1,9 |
| Ленин | 36,6 | 99,4 | 10,0 | 38,1 | 35,9 | 45,1 | 10,4 |
| Преснов | 36,3 | 98,1 | 10,0 | 48,2 | 76,5 | 41,9 | 13,7 |

* * *

Соңғы кезде облысымыздың қай ауданында болсын ауа райы ауылшаруашылық жұмыстарын өткізуге қолайлы болды. Осыған қарамастан облыс колхоздарында және совхоздарында астық дайындау жұмысы мүлде қанағаттанғысыз жүргізіліп отыр. Әрсесе, облыстың астықты аудандары Ленин, Преснов, Октябрь аудандарында бұл жұмыс өте-мөте нашар. Бұларда жоспардың орындалуы 40 процентке де жетпейді.

Преснов ауданының көптеген колхоздарының басшылары астық дайындау қарқынын мүлдем бәсеңдетіп алды. Бұл ауданның колхоздарында бастырылған астықтың есебі дұрыс жүргізілмеуі себепті бірқатар колхоздар соңғы бескүндікте астық дайындауға қатыспады. Ал, аудандық партия комитетінің секретары Долженко, аудандық Совет атқомінің председателі Макаров жолдастар колхоздардың мемлекетке астық тапсыруға күн сайын қатысып отыруын қамтамасыз ету орнына, өздері жайбарақаттыққа салынған. Осының салдарынан ауданда соңғы бескүндіктің тапсырмасы небары 18,3 процент қана орындалды. Соңғы бескүндік тапсырманың орындалуы Октябрь ауданында 20 процентке де жетпеді. Егер аудан басшылары астық дайындаудың жыйналады. Алайда, бұл ауданда картопты жыйнау мүлдем нашар жүргізіліп келеді. Осы уақытқа дейін жоспардың небары 10 процентгей қана орындалды. Петропавл ауданының колхоздарына қала кәсіпорындары мен мекемелерінен жұмыс адамы жөнінде көптеген көмек көрсетілуі керек еді, бірақ, ол көмек тиісті дәрежеде болмай келеді.

Кезінде, сапалы жыртылған зябь — мол өнімнің негізі. Сондықтан бұл жұмысты агротехникалық ережелерге сай өткізу керек. Бұған мүмкіншілік ұшанеңіз. Көзір жүздеген тракторлар егін жыйнаудан босатылды. Бірақ, МТС басшылары трактор күшін бұл іске жете пайдаланбай келеді. Бұл жөнінде мысалға Налобин, Шағлы, Ново-Георгиев, Вильямс атындағы, Интернационал МТС-терін алуға болады. Бұларда жоспардың орындалуы 7—18 процент қана. Міндет— зябь жыртуда орын алған кемшіліктерді дереу жою, бұл үшін барлық колхоздарда, совхоздарда зябь жырту жұмысының екі сменада жүргізілуін ұйымдастыру болып саналады.

Облысымызда жемшөп дайындау барысы бұрынғыша бұл бескүндікте де өзге

дей, астық дайындау жұмысының қарқыны мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр.

Мұның себебі не? Біздіңше, мұның ең негізгі себептерінің бірі—жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарының егіншілер мен механизаторлардың егін жыйнау мен астық дайындауды мерзімінде аяқтау жолындағы күрестегі саяси және өндірістік белсенділігін бастай алмауында. Көп жерлерде, әсересе, Пресное, Октябрь және Ленин аудандарының колхоздары мен совхоздарында көптеген колхозшылар мен механизаторлар егін жыйнау мен астық дайындау сияқты аса маңызды шаруашылық науқанға қатынастырылмады, ал, егін жыйнау мен астық дайындауда жұмыс істеп жүрген егіншілер мен механизаторлардың күн сайын, смена сайын өнімді еңбек істеуіне жетісу үшін қажетті шаралар қолданылмады. Комбайн агрегаттарында, қырмандарда және тасымал бригадаларында еңбек нашар ұйымдастырылды. Міне, бұл жағдай жұмыс қарқынына кері әсерін тигізбей қойған жоқ.

Сол сияқты, мемлекетіміз берген мол техника жұмысқа өнімсіз пайдаланылды. Техникалық себептермен, колхоз басқармаларының жауапсыздығы мен салақтығы салдарынан жанар, жағар майларының, судың кезінде жеткізілмеуі ,бүнкерден астық түсіруге автомашинаның немесе көліктің кезінде берілмеуі себепті комбайндардың басқа тоқтап тұруы көп кезкөлда бар техниканы, барлық күш-құралкіншілікті өнімді пайдаланып, қырмандарда астықты кептіріп, тазалау жұмыстарын, астықтың жедел қарқынмен бастырылып, тазартылып, дереу дайындау орындарына жөнелтілуін тығылықты ұйымдастыруға міндетті.

Дайындау орындары элеваторлар мен дайындау пункттеріне колхоздар мен совхоздардан әкелінген астықтың тоқтаусыз, қолма-қол қабылданылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Елімізде астық молшылығын жасаудың негізгі шарттарының бірі—колхоздар мен колхозшылардың мемлекетке астықты көп-теп сатуын ұйымдастыру. Облыс колхоздары мен совхоздарында бұл жұмысты ұйымдастырудың жайы да нашар. Мәселен, Конюхов ауданында мемлекетке астық сату жоспары 25 сентябрьге дейін небары 10,8 процент қана орындалған. Облыстың басқа аудандарында да жағдай осындай.

Бүкіл совет адамдарымен бірге, облысымыздың ауыл шаруашылығының еңбекшілері де Ұлы Октябрь социалистік революциясының данқты 37 жылдық мерекесін еңбек майданында жаңа табыстармен қарсы алу жолындағы жарысқа ұштасты. Міндет—олардың осы зор белсенділігін бастай біліп, әрбір колхоз, совхоз бойынша мемлекетке астық тапсыру жоспарының таяу күндерде қайткенде толық орындалуын қамтамасыз ету.

## Н. С. Хрущевтің ағылшын ғалымы және қоғам қайраткері профессор Джон Берналды қабылдауы

25 сентябрьде СОКП Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев Москвада жүрген ағылшын ғалымы және қоғам қайраткері, «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Сталиндік сыйлықтың лауреаты, профессор Джон Берналды қабылдады және онымен ұзақ әңгімелесті.

(СОТА).

## Москвада Танкшілер күніне арналған салтанатты мәжіліс

25 сентябрьде Совет Армиясының Орталық театр үйінде СССР Қорғаныс Министрлігінің Москва қаласының партия, совет және қоғам ұйымдарымен басқосқан, Танкшілер күніне арналған салтанатты мәжілісі болды. Залға генералдар, адмиралдар, офицерлер, Совет Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, СССР Жоғарғы Советінің және РСФСР Жоғарғы Советінің депутаттары, Москваның партия, комсомол, совет және қоғам ұйымдарының өкілдері және данқты жауынгерлер —танкшілер жыйналды.

Сахнада орден ленталары тағылған жауынгерлік тудың жанында танкшілер —Совет Одағының Батырлары, жауынгерлік және саяси даярлықтың отличниктері құрметті қараулда тұр.

Президиумда— СССР Қорғаныс Министрі, Совет Одағының Маршалы Н. А. Булганин, Совет Одағының Маршалдары А. М. Василевский, В. Д. Соколовский, артиллерия Маршалы М. И. Неделин, авиация Маршалы П. Ф. Жигелев, бронетанк әскерлерінің Маршалы П. А. Ротмистров, Совет Армиясының генералдары, министрлер, данқты конструкторлар және танк жасаушылар.

Салтанатты мәжілісті генерал полковник А. С. Желков ашты.

Танкшілер күні туралы танк әскерлері нің генерал- полковнигі П. П. Полубояров баяндама жасады.

Москва қаласы еңбекшілері атынан жауынгер танкшілерді СОКП Москва қалалық комитетінің секретары Е. А. Фурцева құттықтады.

Сол сияқты, танкшілерді танк жасаушылар— жұмысшылардың, қызметшілердің, инженер- техник құрамының атынан С. А. Скачков жолдас құттықтады.

Мәжілісте қатысушылардың ерекше жылы жүзбен қарсы алуымен СССР Қорғаныс Министрі, Совет Одағының Маршалы Н. А. Булганин сөз сөйледі.

(СОТА).

## Қырмандағы өнімді еңбек

Конюхов ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхозының колхозшылары астық дайындау және келесі жылдың егісі үшін сапалы тұқым әзірлеу жұмыстарында қажырлы еңбек етуде. Қырманда астық тазарту және кептіру жұмыстары күні-түні бірдей ұйымдастырылған.

Бұл кезде Чистян МТС-нің астық тазартатын «ВИМ» машинасы өнімді еңбек істеуде. Мұнымен күн сайын 170—200 центнер астық тазартылады. Астық тазартуда колхозшылар Ж. Әмренова, Ұ. Жұмабаева, Н. Өтізбаева, Б. Көшербаева жолдастар сменалық жұмыс тапсырмаларын үнемі артық орындап жүр.

Бұл колхозда МТС-тің бір комбайны да 20-25 гектар жердің егінін орып, ол кәзірдің өзінде ғана 6 мың центнерден астам астық бастырды. Оның өз тәжрибесіндегі

**А. ТОЛЕНОВ,**
**Октябрь ауданы, Жамбыл атындағы колхоз.**

астық тазартуға пайдаланылуда. Бұл комбайнның комбайншысы А. Өскенбаев жолдас комбайнды күні-түні тоқтаусыз жүргізіп, астық тазарту ісінде колхозшыларға зор көмек көрсетіп келеді. Ол бір күнде 160 центнер орнына, 200—250 центнер астық тазартады. Өскенбаев жолдас өзінің қажырлы еңбегінің арқасында колхозшылардың зор құрметіне бөленуде.

Астық тазарту және кептіру жұмыстарының тығылықты жүргізілуі колхоздың астық дайындауда ауданның басқа колхоздарынан алда болуына мүмкіндік берді.

**Қ. ТАУБАЕВ.**

*Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушының тәжрибесі*

# Бұзауды күте біл

Бұзау күтушілік жұмысты мен 1950 жылдан атқара бастадым. Содан бері 4 жыл уақыт өтті. Осы мерзім ішінде бұзау күтуде азды-көпті тәжрибеге ие болған сыяқтымын, бұл жұмыста қол жеткен табыстарым да бар. Сол табыстарымды, тәжрибелерімді өзім сияқты басқа да бұзау күтушілерге айтқым келеді.

Менің бірінші айтарым: адам қандай ғана жұмысты атқармасын соған беріле, шын ынтамен сүйіп істейтін болса, оның еңбегі жемісті болады.

Мен бұзау бағуға ауыспастан бұрын екі жылдан аса уақыт сауыншы болып істеген едім. Жұмысты жаман атқарғаным жоқ. Сыйырларымды өзіме үйретіп, дағдыландырып алғанмын-да. Ол кезде жас бұзаулар жеке күтушілерге бөлініп берілмей, сауыншылардың өз күтімінде болатын. Бұл әрине, тиімсіздеу болды. Өйткені, сауыншылар жұмысы көп болғандықтан, бұзаулардың күтімі жетіспеді. Бұл кемшілікті жою мақсатымен колхоз басқармасы жас бұзауларды сауыншылардың күтімінен алып, оларды бағуға жеке адам бөлуді ұйғарды. Бұл жұмысқа мені белгіледі.

Шынын айту керек, бастапқы кезде бұл жұмысты ұнатпадым. Сауыншылыққа қарағанда бұзау күту маған елеусіз, ұсақ жұмыс сияқты көрінді. Бірақ, келе-келе үйрене бастадым. Ақырында бұзау күтушіліктің маған ұнамды болып кеткендігі сондай, тіпті бұл жұмысты сүйіп істейтін болдым. Енді байқасам ана жұмыс оңды, мына жұмыс одан гөрі төмендеу деген пікірім қате екен. Жұмыстың бәрі бір, бәрі де ер атандырып, данқ шығарады, тек оны сүйе білу керек.

Менің бұзау күтушілік тәжрибем іс үстінде жетіліп келеді. Мал дәрігері Юрий Иосифович Кис, ферма меңгерушісі Абрам Александрович Шарф жолдастардың көмегі арқасында бұзау күтуге төселіп, оның әдістерін едәуір меңгеруге жеттім. Менің міндетім—жаңа туған жас бұзауларды қабылдап, оларды 20 күн өткенше күту, сонан соң басқа бұзау күтушілерге ауыстыру. Ал, оларды күтудің түрлі жолдары бар.

Жаңа туған бұзаудың кіндігіне мұқият қарап, оны таза сақтау керек. Өйткені, жас кіндікке түрлі микроб, шаң-тозаңдар жұқпыш болады. Кіндік таза сақталмаса, бұзаудың ауруға шалдығуы мүмкін. Бұдан күні бұрын сақтану үшін бұзау туысымен оның кіндігіне иод жағып қатырып тастаған жөн.

Біз бұзауды туысымен таразыға салып өлшейміз де, оның салмағын, түр-түсін жазып қоямыз. Бұл кейін бұзаудың күн сайын қанша салмақ қосатындығын біліп отыруға жағдай жасайды. Содан біз бұзаудың өсуіне бақылау жасаймыз.

Өлшегеннен кейін бұзау арнаулы жылы бөлмеге апарылып, үсті әбден кептіріледі. Оған 30 минут уақыт керек. Содан кейін бұзау жеке клеткаға қамалады. Мұнда ол әбден буыны бекіп, шыйрағанша, демек, бес күндей болуға тиіс. Бұл мерзім өткен соң бұзау бөлек клеткадан шығарылып, үлкен клеткаға қамалады. Алғашқы кезде оларға жылы су беріледі. Мұнда тұратын бұзаулардың саны 8-9-дан аспауы керек.

Бұзауларды тамақтандыруда мен уақыт кестесін жасадым. Жаңа туған бұзау алғашқы үш күн бойы енесінің желінінідегі уыз сүтті тойғанынша емеді. Төртінші күнге қарағанда енесінен сауылған жылы сүттен тәулігіне 8-9 литр беріп отырамын. Бұл 6-7 күнге созылады. Себебі жас төлдер үшін алғашқы кезде сыйырдың сүтіне қарағанда өз енесінің сүті әлде қайда жұғымды болады. Ал, 10 күн өткен соң бұзаудың жаңа туғандағы нәзік организмі едәуір жетілетін болады да, оларға басқа сыйырдың сүтін беру ешқандай қорқыныш келтірмейді.

Бұзауларды сүтпен азықтандырғанда қатаң тәртіп сақталады. Егер 8-9 литр сүтті бір болмаса екі рет-те ғана беріп қойса, бұзау шамадан тыс көп ішеді де іші бұзылып, ауруға шалдығады. Сондықтан оларға сүтті мезгіл-мезгіл тиісті мөлшермен беру қажет. Мен бір тәулікте бұзауларды 5 рет азықтандырамын. Бірінші рет таңертеңгі сағат 5-те, екінші рет 8-де, содан кейін күндізгі сағат 12-де, 4-те және кешкі сағат 8-де. Ал, күндізгі азықтандырудың арасындағы мерзімдер шамалас болғаны дұрыс.

Бұзауларды жылы сумен суарғанда олардың су ішетін ыдысын ауыстырмастан оған суды үсті-үстіне құя беруге болмайды. Ондағы суды күн сайын ауыстырып, жаңалап отыру қажет.

Бұзаулардың күтімі тек сүт, су берумен ғана тынбайды. Сонымен қатар оларға әрбір суарғаннан кейін 50 грамм бор, 10 грамм сүйек ұны, 100 грамм концентрат беремін. Түз бен көкшөп үзілмей беріледі.

Егер осылайша азықтандырып, дағдыландырылса бұзаулар бұл ережеге әбден үйреніп алады да, мезгілсіз жем іздемейтін, жем берілмеген кезде жақсы тыныгатын болады. Мен жемнің сіңімді болуы үшін азықтандырған соң бұзауларды таза ауаға шығарып, 15 минут шамасында серуендетіп отырамын.

Бұзаулар тұратын клеткаларды күн сайын тазартып, жаңадан төсек төсеймін. Клеткаларды түгелдей тазалап, жылы сумен жуу және дизенфекциялауды әрі кеткенде 3-4 күннен асырмау қажет.

Жас бұзаулар түрлі індетке тез ұшырайды. Оларға ең хауіпті індет—іш өту. Бұл аурудың пайда болуымен оны емдеудің түрлі жолдары бар. Іш ауру бұзауларға көбіне таза сақталмаған сүттен пайда болады. Іші өткен бұзауға дисульфан, донольбин сияқты дәрілер беру керек. Клизма қойып, жылы сумен суарған жөн. Бұл сияқты емнен кейін бұзау іш ауруымен қапшама қатты ауырса да бір күннен аспай жазылып кетеді. Екінші хауіпті індет —өкпе ауруы. Бұл көбіне суықтан пайда болады. Оны емдеу үшін пиницилинмен укол берген дұрыс.

Міне, осы сияқты тәжрибені үнемі қолданып отырса, бұзаулар шығынсыз, аман өседі. Бұзаулардың жетілмей шала туғаны 12-15 килограмм болса, жетілген туғаны одан көп салмақты бола береді. Мысалы, 1951 жылы бір сыйырдан жеті айлық бұзау туды. Салмағы небары 12-ақ килограмм. Кейбіреулер «бұл мал болмайды» дегенді айтты. Бірақ, мен олардың сөзіне қарағаным жоқ, оны күте бердім. Ақыры бұл бұзау аман өсті.

Осылайша күтім жасауымның арқасында төрт жыл бойы менің алдымнан бірде-бір бұзау шығын болып көрген емес. Қабылдаған бұзауларымның бәрін де аман-сау қатарға қосып отырдым. Мысалы, өткен жылы 188 бұзау қабылдасам, бұлардың бәрін де аман өсіріп қатарға қостым. Биылғы жылы 170-тен аса бұзауды өсірдім. Менің бұл еңбегімді колхозшылар жоғары бағалады. Олар мені Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидаттыққа ұсынды. Мен жақында астанамыз —Москваға барып келдім. Ондағы көрген қызық, тамаша өз алдына, оны сөзбен айтып жеткізе алмаймын.

Көрмеде Костром облысы, «Караваево» совхозындағы атақты «Колеса» сыйырының сауыншысы, Социалистік Еңбек Ері А. И. Смирнова, Сумск облысы, Лебедин ауданы, Ленин атындағы колхоздың сауыншысы Д. Забугамен тағы басқа сауын шылармен кездесіп, әңгімелестім. Олардың сыйыр сауудағы, бұзау күтудегі тәжрибелерімен таныстым.

Көрмеде көргендерімді тәжрибеде кеңінен пайдалана отырып, мен бұзау күтудегі тәжрибемді бұдан да арттыра беремін. Сөйтіп, еңбекте жаңа жетістіктерге жете беремін.

**Л. ШТОЛЬ,**
**Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың бұзау күтушісі.**

# Мемлекет мүддесі бәрінен де жоғары

Коммунистік партия мен Совет Үкметі еліміздің қол жеткен алуан- алуан экономикалық табыстары негізінде социалистік өндірісті онан әрі өркендету, ауылшаруашылығы мен халық тұтынатын тауарларды өндіруді шұғыл арттыру жөнінде маңызды шаралар белгілеп, оны асқан табандылықпен жүзеге асыруда.

Кәзір еліміздің қай түпкірінде болсын, қалада да, селолар мен ауылдарда да Коммунистік партия мен Совет Үкметінің алға қойған ұлы міндеттері зор өрлеу туғызуда. Сөз жоқ, совет халқы бұл ұлы міндеттерді зор аброймен орындап шығып, коммунизм орнату жолындағы күресте тағы да жаңа табыстарға жете бермекші. Өйткені, совет халқы—батыр халық. Ол өзінің туысқан Коммунистік партиясы мен Совет Үкметі төңірегіне барған сайын тығыз топтасып, социалистік Отанын гүлдендіре беруді, коммунистік құрылыста жаңа табыстарға жете беруді өзінің жоғарғы, ең қасиетті борышы деп біледі.

Социалистік мемлекетіміздің негізін салушы ұлы Ленин былай деп көрсеткен болатын: «Жұмысшылары мен шаруаларының көпшілігі өздерінің Совет өкметін — еңбекшілер өкметін қорғайтынын, жеңген күнде өздерін және өз балаларының мәдениет игіліктерінің бәрімен, адам еңбегі жеңістерінің бәрімен пайдалану мүмкіншілігін қамтамасыз ететін істі қорғайтынын білген, сезген және көрген халық ең уақытта жеңілмейді».

Ұлы Ленинның бұл дана шындық сөздерінің дұрыстығын еліміздегі социалистік құрылыс тарихы, совет халқының социализм орнату күресінің тарихы айқын көрсетіп отыр.

Ұлы Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы елімізде социализм орнатып, дүниежүзілік тарихи табысқа ие болды. Өндіріс құрал-жабдықтары бірыңғай жалпы халықтық социалистік меншікке көшті. Еліміздің ұлттық табысы, тек жаңа еңбекшілердің мұқтаждары мен социалистік ұлғайтылған өндірістің онан әрі өркендей беру мүддесіне қарай бөлінетін болды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында еліміздің барлық халқы бұл аса қатты сында да өзінің социалистік мемлекетінің бостандығы мен тәуелсіздігін ерлікпен қорғап қалды. Соғыстан кейінгі жылдар ішінде де совет халқы халық шаруашылығын қалпына келтіріп, онан әрі өркендету ісінде тарихи табыстарға жетті. Міне, совет халқының осы тарихи жеңістері біздің советтік мемлекет құрылысының капиталистік мемлекет құрылысынан анағұрлым артықшылығын, совет адамдарының өзінің социалистік мемлекетіне шексіз берілгендігін толық дәлелдеп берді. Өйткені, адамды адамның қанауы жойылған және өндіріс құрал- жабдықтарына жеке меншіктілік жойылған социалистік қоғамда мемлекетіміздің мүддесі совет азаматтарының мүддесімен тығыз ұштасып жатыр.

Әрбір совет азаматы социалистік мемлекетіміздің нетұрлым экономикасы күшті болса, нетұрлым мемлекеттің күш-қуатын тасқындатып өсіре берсе, солғұрлым халықтың әл -ауқат дәрежесі, мәдениеті де жақсарып өсе беретініне құманданбайды. Біздің дамуымыздың заңдылығы осында. Өндірістің социалистік тәсілінің көздейтін мақсаты пайда түсіру емес, тілектері бар адам, оның материалдық және мәдени тілектерін қанағаттандыру болып табылады.

Өндіріс орындарында, колхоздарда, совхоздарда еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік бағасын арзандату, жоғары сапалы өнім үшін күрес, тағы да сондай патриоттық бастамалар кеңінен өріс алуының өзі, совет адамдарының өз халықтарының мүддесін, өз мемлекетінің мүддесін бәрінен де жоғары қоятындығына, оның экономикасы мен мәдениетінің мұнан әрі зор нығаюы үшін аянбай қызмет істеп жатқандықтарына айқын дәлел.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі астық өндіруді таяудағы жылдар ішінде ұлғайту, ондаған миллион гектар пайдаланылмай жатқан тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарға бару жөніндегі патриоттық бастамасы, совет адамдарының, мемлекет мүддесін, жалпы халықтық мүдделі бәрінен де жоғары қоятынын, мемлекет ісін өзінің төл ісі деп қарайтындығын айқын сыпаттайды.

Облысымызда көптеген кәсіпорындары, алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздар мемлекет алдындағы өздерінің міндеттемелерін аброймен орындап келеді. Олар үшін мемлекеттік жоспарларды дәл мерзімінде аброймен орындау заң болып отыр. Бұл алдыңғы қатарлы кәсіпорындары, колхоздарымыз мемлекет меншігін сақтап, оны үнемі көбейтіп келеді. Мамлют, Тоқшын, Киров совхоздары, Петропавл ауданы Пушкин атындағы ауылшаруашылық артелі және басқа бірқатар шаруашылықтар егін жайнауды үлгілі ұйымдастырып, бірінші парыз—мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

Дегенмен, мемлекет мүддесін жоғары бағаламай, оған немкетті қарашылық, өзінің жеке мүддесін, немесе кейбір басшылардың өзі басқарып отырған мекеменің тар шеңберлі мүддесін халық мүддесінен, мемлекет мүддесінен жоғары қоюға тырысушылық фактілері әлі де бар.

Мемлекет пен халық мүддесіне шүқсан келтірушілік кейбір адамдарды моральдық азғындыққа әкеліп соқтырады.

Мысалы, Булаев ауданындағы жаңа совхоздардың құрылысын жүргізуде құрылыс-монтаж басқармасының бастығы Б. Травкин өзінің қызмет бабымен және Петропавл совхоздар тресінің бастығы Олиферов жолдастың ашық-ауыздығын пайдаланып, заңсыз жалған документтер жасау арқылы мемлекет қаржысынан 30 мың сом ұрлаған. Марьевка және Явленка астық қайындау мекемелерінің басшылары Сыромятников пен Стадник жолдастардың бақылауларының назарлығынан Милосердова, Садуақасов деген алаяқтар астық қабылдау пункттерінің меңгерушілері болып, қызметке орналасқан. Олар есепті шатастырған, сөйтіп, артық алған астықтарын сатып, бас пайдалары үшін жұмсаған. Мемлекет мүлкін, халық мүлкін талан-таражға салып, ұрлаушылар қатаң жазаға тартылуға тиісті.

Жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдары еңбекшілердің қалың бұқарасына сүйене отырып, мемлекет меншігіне нұқсан келтіретін кейбір адамдарға қарсы батыл күрес ұйымдастырулары керек. Бұл үшін ең алдымен барлық жерлерде партия, совет және басқа қоғам ұйымдары, мәдени-ағарту мекемелері лекциялық насихатты, бұқаралық-саяси және мәдени ағарту жұмыстарын барынша кеңінен өрістетулері қажет.

Адам санасындағы капитализм қалдықтарына қарсы күрес ғылми-атеистік насихатты барынша кеңінен, мазмұнды жүргізуді талап етеді. Бұл тақырыптағы лекциялар еңбекшілердің қалың бұқарасы үшін, өнеркәсіп орындары мен колхоз, совхоздарда, әсресе, алыстағы мал фермалары мен егіс бригадаларында және басқа да жұмыс учаскелерінде үнемі ұйымдастырылуға тиіс. Үгітшілердің әңгімелері, баяндамалар мен лекциялар, фильмдер мен концерттер, көркемдік үгіттің барлық түрлері совет адамдарын коммунистік рухта, есінің қандай болмасын көріністеріне төзбейтін рухта тәрбиелеуге тиіс.

Әрбір совет азаматының қасиетті борышы мемлекет меншігін, халық меншігін көзінің қарашығындай сақтап, Отанымыздың күш-қуатының барған сайын нығая беруіне, халық дәулетінің тасқындап өсе беруіне көмектесу болып табылады. Сондықтан әрбір совет азаматы шаруашылық және мәдени құрылыстың барлық сала сында мемлекет мүддесін, халық мүддесін барінен де жоғары ұстауы қажет. Біздің совет адамдарының коммунистік қоғамның биік шыңына қарай алға басқан қадамының табысты болуы, міне, осыны талап етеді.

**Ш.ҚАНАШОВ.**

# Мал шаруашылығына басшылық жақсартылсын

Сталин атындағы колхозда (Петропавл ауданы) мал шаруашылығын өркендете беруге толық жағдай бар. Соңғы жылдары колхоз партия ұйымы мал шаруашылығын өте нашар. Жоспар бойынша қарамал өсіру 1780 бастың орнына 1574, қой — 3125 бастың орнына 2858 бас қана орындалған.

Осы жылдың 1 қыркүйегіне колхозда 1 мың 200 бас қой болуы керек еді. Бірақ 1 қыркүйекке 1 мың 100 бас қой ғана қалған. Қой басының азаюына колхоз басшылығының немқұрайлы қарауы себеп болды. Қой басының азаюына қой ауруларының көбеюі, қой ауруларын емдеуге мал дәрігерлерінің назар аудармауы

...жетін онан әрі өркендету жөнінде партия мен үкіметіміздің қарарларын басшылыққа ала отырып, колхозшы шаруаларды алда тұрған міндеттерді орындауға жұмылдыруда. Осының нәтижесінде колхоз өткен жылы мал шаруашылығынан мол өнім алды. Әрбір сауын сиырдан орта есеппен 1950 литрден сүт алынды. Мұнда мемлекетке мал шаруашылығы өнімін тапсыру жөніндегі жоспар абыроймен орындалды. Колхоздың мал шаруашылығы бойынша жылдық табысы 330 мың сомға жетті.

Дегенмен, колхоз партия ұйымының мал шаруашылығын өркендету жөніндегі кейбір жүзеге асырған игі шараларын бұл жұмыстағы елеулі кемшіліктерді бүркемелей алмайды. Өйткені, партия ұйымы өткен жылдың жоғарыда айтылған кейбір табыстарына тоқмейілсіп, мал шаруашылығына басшылықты әлсіретіп отыр.

Колхозда үстіміздегі жылы мал басын өсіру жөніндегі жоспардың орындалуы

Партия ұйымы фермалар мен бригадалар және жеке малшылар арасындағы өзара социалистік жарысқа басшылықты формальді жасап отыр. Социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелердің орындалуы тексеріліп, қорытынды шығарылмайды. Жарыста озып шыққан ферма, бригада және озат колхозшылардың жұмыс тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдыруды партия ұйымы естен шығарған.

Колхозда мал шаруашылығының озаттары аз емес. Мәселен, сауыншы Анна Лисс бірнеше жылдан бері сиырлардың сүттілігін арттыруда жақсы көрсеткіштерге ие болып келеді. Озат сауыншы өткен 11 айдың ішінде өзіне бекітілін берілген 12 сиырдың әр қайсысынан орта есеппен 1700 литрден сүт алды. Лисс жолдас өткен жылғы еңбек көрсеткіштері үшін Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат болып бекітілді.

Амал не, партия ұйымы бұл сияқты, нің артуы жемшөптің берік қорын жасауға байланысты. Бірақ, колхозда жемшөп дайындау жұмысы күні бүгінге дейін қанағаттанғысыз болып отыр.

Колхозда жемшөп дайындайтын арнаулы бригада бар. Бірақ, бұл бригаданың өз жұмысымен шұғылданбауы колхоз басқармасының кінәсінен болып отыр. Өйткені, бригада мүшелері көзір өндірістің басқа участоктерінде жұмыс істеп жүр.

Колхоздағы мұндай кемшіліктер аудандық партия комитетінің Петропавл МТС-аймағы жөніндегі партия тобының қызметкерлеріне әбден мәлім. Солай бола тұрса да, аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы секретары Тимошин жолдас партия ұйымының мал шаруашылығына нашар басшылық етуіндегі кемшіліктерін жоюға тиісті шаралар қолданбай келеді.

**З. ҚАСКЕЕВ.**

**(Арнаулы тілшіміз).**

Еліміздің жұртшылығы қазақтың аса көрнекті ақын-ағартушысы Абай Құнанбаевты еске түсіруде.

24 сентябрьде, қазақ әдебиеті классигінің қайтыс болғанына 50 жыл толуына арналып, Москвада, Одақтар Үйінің Колонналы залында ССРО Совет жазушылары Одағының басқармасы мен Қазақ ССР Совет жазушылары Одағының басқармасы ұйымдастырған мәжіліс болып өтті.

Залда мәдениет қайраткерлері, Москва кәсіпорындарының озаттары, студенттер жиналды. Қазақстаннан жазушылар мен искусство шеберлерінің бір тобы келді.

Кешті қысқаша кіріспе сөзбен Л. Соболев ашты.

Жазушы Ғабит Мүсірепов Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчествосы туралы баяндама жасады.

Кештің соңында концерт берілді, оған қазақ артистері қатысты.

(СОТА).

## Игі еңбектің жемісі

Совет ауданындағы «Көктерек» колхозының сауыншысы Сәменова жолдас өзіне бекітілін берілген сиырлардың әрқайсысынан орта есеппен 1500 литрден сүт алуға міндеттенген болатын. Көзір ол бұл міндеттемесін орындап шықты.

Сауыншы Сәменова осы жылдың өткен жеті айы ішінде 600-ден астам еңбекқүн тапты. Өзінің игі еңбегі үшін ол ақшадан басқа 250 литр сүт, қосымша ақыға бір бұзау алды.

Шөп шабу науқаны кезінде үлгілі жұмыс істеген Шәріпов жолдас та қосымша ақыға 42 центнер шөп алды. Сол сияқты, колхозшылар Ильясов және Алдабергенов жолдастар да 30—37 центнерден шөп алды.

**Д. РАХМЕТОВ.**

## Достық көмек

А. И. Микоян атындағы ет комбинаты Совет ауданындағы «Көктерек» колхозын қамқорлыққа алған болатын. Комбинат жұмыскшылары көктем егісіне, сондай-ақ, шөп шабу және егін жыйнау жұмыстарына үзбей көмектесіп келеді.

Мұнда жұмысшылардың күшімен 500 центнер сиятын астық қоймасы салынды. Оның төбесі шифермен жабылды, едені асфальтталды. Мұнымен бірге, олар 100 бастық төл қора және басқа құрылыстар салып берді. Комбинаттың арнаулы бригадасы колхозда құрылыс жұмыстарын көзір қызу қарқынмен жүргізуде.

**Қ. ХАМИТОВ.**

МАРКСТІК-ЛЕНИНДІК ТЕОРИЯНЫ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

# Марксизм-ленинизм таптар және тап күресі туралы

Таптардың және тап күресінің маркстік-лениндік теориясы тарихты материалистік ұғынудың аса маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Пролетариат диктатурасының тарихи қажеттігі туралы бұл тезиядан туған ұлы қорытынды —марксизмнің-ленинизмнің басты мазмұны.

Маркстік- лениндік теория жұмысшы табын қоғамдық даму заңдарының, пролетариат революциясы мен коммунизм жеңісі заңдарының айқын ұғымымен қаруландырды. Ал теория таптық қоғам дамуының негізінде экономикалық күштердің фатальдық әрістетілуі және жеке билеуші тұлғалардың субъективтік талабы емес, әлеуметтік антагонизмдер мен таптар күресі жатқанын көрсетті. Марксизм-ленинизм пролетариаттың капитализмді құртып, коммунистік қоғам орнатуға тиісті, ақырына дейін қоғамның бірден-бір революциялық табы ретіндегі бүкіл дүниежүзілік тарихи ролін ашып берді.

### ТАП КҮРЕСІ —ТАПТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУ ЗАҢЫ

Көптеген ғасырлар бойы езілген таптар езушілерге қарсы күрес жүргізіп келді. Ал, қанаушы таптар мен олардың идеологтерінің санасына әрқашан да жетіспей қалған басты нәрсе В. И. Ленин көрсеткендей,—ол «...(а) қанаудың **себептерін** түсінушілік; (в) социализмге қарай бастан отыратын қоғам **дамуын** түсінушілік; (у) **тап күресін** социализді жүзеге асыратын творчестволық күш деп түсінушілік...» (Шығармалар, 5 том, қазақ тілінде, 347-бет).

Тек марксизм-ленинизм ғана қанаудың мәніне және өзінің сөзсіз апат болуына жақындап келе жатқан капитализмнің дамуы заңдылықтарының мәніне ғылми түсінік берді. Марксизм алдымдағы «табиғи» нышқылына қарай қоғамды таптарға бөлу туралы реакциялық буржуазиялық теорияны әшкерелеп, таптардың болуы қоғамдық өндіріс дамуының белгілібір тарихи сатыларына байланысты екенін дәлелдеп берді. Таптар мәңгі өмір сүрмейді— олар өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің тууымен бірге пайда болған; таптар бұрын қалай сөзсіз туса, солайша сөзсіз жойылады.

Таптар, деп көрсетеді Ленин, қоғамдық өндірістің тарихи белгілібір системасында алған орнына қарай, өндіріс құрал-жабдықтарына, қатынастарына қарай, еңбекті қоғамдық ұйымдастыруда алған ролінө қарай, қоғамдық байлықтан өзінің үлес алу әдісіне қарай жіктелген адамдардың үлкен топтары болып табылады.

Таптар арасындағы мейрімсіз күрес қоғамның антагонистік таптарға бөлінуінің сөзсіз нәтижесі болып шықты. Мемлекет езілген таптарды басу үшін үстем таптың саяси ұйымы ретінде туды. Үстем таптар мемлекеттік өкмет аппаратының көмегімен өзінің үстемдігін сақтап, нығайтуға тырысады. Езілген таптардың тіршілік жағдайлары қанаушы таптардың үстемдігін қыйратып, жоюға мәжбүр етеді. Бұл мейрімсіз күрес қоғамдық тұрмыстың барлық салаларын да қамтып, таптық қоғамның —құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік қоғамдарының даму заңы болып табылады.

Бірақ, таптық күрес қаншама күшті болса да, қоғамның құлауына әкелін соға алмайды. Ескі дәуренді өткен қоғам құрылысын жоюды көздеген, жаңа, алдыңғы қатарлы таптардың күресі ақыр аягында әлеуметтік революцияларға, жаңа, жоғары қоғамдық құрылысқа көшуге жеткізеді. Сонымен, тап күресі тарихтың творчестволық күші, келісімге келмейтін таптарға бөлінген қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылады.

Өткен замандағы әлеуметтік төңкерістердің бәрі де бір қанаушы таптың үстемдігін екінші бір үстем тапқа алып беріп отырды. Тек осы заманның ең революциялық табы—пролетариаттың таптық күресі ғана капитализм үстемдігін құлатып, пролетариат диктатурасын орнатуға, барлық қанаушы таптарды және адамды адам қанаушылықтың барлық түрін құртуға, тапсыз қоғамға көшуге жеткізеді.

Пролетариаттың таптық күресі негізгі үш формада: саяси, теориялық және экономикалық формаларда өрістейді. Пролетариаттың тап күресінің басты формасы саяси күрес болып табылады, бұл күрес қуралды көтеріліс пен пролетарлық революцияда мейлінше күшейіп, шиеленісе түседі. Пролетариаттың таптық күресі пролетариат диктатурасына жеткізеді.

Пролетариаттың таптық күресінің негізгі формаларының бірі ретінде теориялық, идеологиялық күрестің орасан зор маңызы бар. Революциялық теория жаңау, социалистік сананы жұмысшы қозғалысына енгізу —пролетариатты буржуазиялық идеологияның ықпалынан құтқарудың, пролетариаттың таптық күресін саяси күрестің дәрежесіне жеткізудің аса маңызды шарты. «Революциялық теория болмаса, революциялық қозғалыс та болмақ емес» деп жазды Ленин (Шығармалар, 5 том, 394-бет). Жұмысшы табы өзінің жеңісіне жету үшін пролетариаттың алдыңғы қатардағы саналы, ұйымдасқан отряды—өзінің дербес саяси төл партиясын құруға тиіс. Пролетариат мұндай партиясы өзінің алдында тұрған тарихи міндеттерін шеше алмайды. Коммунистік партия, марксизм-ленинизм партиясы революцияшыл пролетариаттың дәл осындай партиясы болып табылады.

### ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ТУРАЛЫ ІЛІМ — МАРКСИЗМНІҢ -ЛЕНИНИЗМНІҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕСІ

Маркс пен Энгельс өлгеннен кейін Батыс Европаның социалистік партияларының оппортунист басшылары, олардың ізімше-ақ орыс «экономистері» де, меньшевиктер мен және басқа оппортунистер Маркстің іліміне кең түрде ревизия жасап, марксизмді бұрмалап, оның барлық революциялық мазмұнын одан алып тастауға тырысты. Реформистер мейрімсіз тап күресінің маркстік теориясынан опасыздықпен бастартып, таптық ынтымақ идеясын, капитализмнің социализмге «бейбітшілікпен ұласу» теориясын уағаздады. Оппортунистер марксизм ілімінде гі басты мәселесінен —социалистік революция мен пролетариат диктатурасы идеясынан бастартып, революциялық теорияның маңызы мен пролетариаттың революцияшыл жауынгер партиясының ролін бекерге шығарып, жұмысшы табын қарусыздандыруға және оның күреске деген ынта-жігерін құм жылуға тырысты.

Кәзіргі жағдайда марксизмге- ленинизмге бұл жат теорияны еңбекшілердің нағыз жас жаулары—оңшыл социалистер уағаздауда. Жұмысшы табының, демократия мен социализмнің мүдделерін сатушы бұлар тап күресі, пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасы туралы маркстік ілімге қарсы ашықтан ашық шығып отыр. Мысалы, ағылшын лейбористерінің басшысы Эттли 1949 жылдың апрелінде Глазгодағы лейбористер ұйымының жыйналысында сөйлеген сөзінде: коммунистердің өз «назарларын... жұмысшы табын капиталистердің үстемдігінен азат етуге» аударғаны үшін мен оларды жек көремін деген болатын. Лейборизмнің екінші бір әйгілі қайраткері, социалистік интернационал дейтіннің басшысы —Морган Филлис ағылшын лейбористерінің «марксизмді және барлық формалар мен көріністердегі тап күресін батыл теріске шығаратындығын» ашықтан ашық мәлімдеді.

В. И. Ленин және И. В. Сталин оппортунизмге қарсы мейрімсіз күресте тап күресінің маркстік теориясын қорғап қалды және оны империализм мен пролетарлық революция дәуірінің жаңа жағдайларына бейімдеп, онан әрі дамытты .Реформизмнің марксизмге опасыздығын әшкерелей отырып, Ленин мен Сталин пролетариат диктатурасы мен социализмнің жеңісіне ие болу үшін мейрімсіз тап күресінің қажеттігін барлық жағынан дәлелдеп берді.

Марксизм- ленинизм жұмысшы табын күрестің барлық түрлерін меңгеріп алуға, жеке экономикалық талаптар мен реформалар үшін күресті түпкі мүдделер үшін, саяси өкметті қолға алу үшін күреспен дұрыс ұштастыра білуді үйретеді. Марксизм -ленинизм социалистік революциямен пролетариат диктатурасын орнату ең басты және шешуші құрал екенін, ол құрал арқылы капиталистік құлдықты жойып, социализм орнататындығын әбден айқын дәлелдеп берді.

Тап күресінің маркстік теориясы пролетариат диктатурасының идеясымен тығыз байланысты. «Таптар күресін мойындауды **пролетариат дикатурасын** мойындауға дейін **жеткізетін** адам ғана марксист. Марксистің кәдімгі толық жатқан ұғым буржуадан (тіпті ірі буржуадан да) ең терең айырмасы да осында». (Шығармалар, 25 том, қазақ тілінде, 426-бет).

В. И. Ленин пролетариат дикатурасы туралы мәселемен тығыз байланыстыра отырып, пролетариат гегемониясының идеясын, оның одақтастары жөніндегі пролетариаттың таптық күресінің стратегиясы мен тактикасы, революцияшыл партияның маңызы жөніндегі мәселені талдап ашып берді. В. И. Ленин қоғамдық даму заңдарының ілімімен қаруланған буржуазияға және жұмысшы табының басқа да жауларына мейрімсіз жаңа типтегі партияның, әлеуметтік революция мен пролетариат диктатурасы партиясының —Коммунистік партияның негізін жасаушы және көсемі болды. Коммунистік партияның басшылығымен еліміздің жұмысшы табы мен еңбекші шаруалары пролетариат диктатурасын, Советтер өкметін орнатып, коммунизм орнату жолындағы күресте бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңістерге жетті.

Революциялық жаңа тәжрибелер негізінде Маркстің пролетариат диктатурасы туралы ілімін дамыта отырып, В. И. Ленин пролетариат диктатурасының ең жақсы саяси формасы ретінде Советтерді ашты. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі, ССРО-да пролетариат диктатурасын жеңіп алып, оны нығайту және социализм орнату, Европа мен Азияның бірқатар елдерінде пролетариат диктатурасы формаларының бірі болып сана-латын халық демократиясының тәртібін орнату— пролетариаттың тап күресінің маркстік-лениндік теориясының аса ұлы салтанаты.

Пролетариаттың таптық күресі туралы маркстік-лениндік ілім ақырына дейін дәйекті интернационализмнің рухына бөленген және буржуазияшыл ұлтшылдық пен социал-шовинизмге жан-тәнімен қарсы. Пролетариаттың таптық күресі түрліше мемлекеттердің жұмысшылары ынтымақпен қыймыл жасаса ғана табысты болатындығын тарихи тәжрибе дәлелдеп берді. Совет Одағының Коммунистік партиясы пролетарлық интернационализмнің, барлық елдердің пролетариатының таптық мүдделерінің бөлінбес, біртұтастық принципін үнемі жүргізіп келеді. Өзінің революциялық ерлік күресімен біздің партиямыз дүниежүзілік революциялық және жұмысшы табы қозғалысының «Екінші бригадасы» деген құрметті атаққа орынды ие болды.

# Қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра берейік!

☆ ☆ ☆

## Қой шағылыстыру ұйымдасқан түрде өткізілсін

Облысымыздың алдыңғы қатарлы фермаларының қой өсірушілері СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысын орындай отырып, қой санын көбейтуде, оның өнімін арттыруда және қой тұқымын асылдандыруда биыл едәуір табыстарға ие болып отыр. Олар бұл табысқа қой шағылыстыру маусымын өткен жылы ұйымдасқан түрде өткізу, мал қыстатуды тыңғылықты аяқтау арқылы жетісті.

Қонюхов ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында биыл биязы жүнді қой 1548 басқа жетіп, өткен жылғыдан 30 процентке жуық көбейтілді. Бұдан басқа колхоз облысымыздың басқа шаруашылықтарына 74 асыл тұқымды қошқарлар сатты. Фермада әрбір 100 саулықтан 107 қозы алынып, шығынсыз өсірілді. Мұнда өткен жылға қарағанда, биыл әрбір қойдан алынатын биязы жүн 900 грамм артып, 3 килограмм 300 грамға жетті. Бұдан колхоз 84 мың сомдай табыс алды.

Колхоздың қой шаруашылығының өркендей түсуі мал өсірушілердің қажырлы еңбегінің нәтижесі. Ферманы тәжірибелі шопан Шабалдин жолдас басқарады. Ол тәп алудың, оларды шығынсыз өсірудің шебері. Шабалдин жолдас жыл сайын қой шағылыстыруды күзде, осы кезде өткізіп, төлді қыс айларында алады. Бұл кезде алынған қозылар суыққа төзімді болып өседі.

Осы сияқты, Бұлаев ауданындағы «Красное знамя» колхозы да қой шаруашылығын өркендетуде елеулі табыстарға ие болып отыр. Мұнда әрбір қойдан алынған жүннің мөлшері —3 килограмм 630 грамм. Бұл колхоз облыстың басқа шаруашылықтарына 156 элитті және бірінші класты қошқарлар сатты. Қой шаруашылығынан барлығы 250 мың сомға жуық кіріс алды. Мұндай табысқа облысымыздың басқа да бірқатар фермалары ие болды.

Алдыңғы қатарлы фермалардың қой өсіруде, оның өнімін арттыруда жоғары көрсеткіштерге ие болуын қой шағылыстыру маусымының ұйымшылдықпен өтуінен деп түсіну керек. Сентябрь және октябрь айлары бұл маусымды өткізудің ең қолайлы мерзімі. Колхоздарда және совхоздарда қой шаруашылығының өркендей түсуі осы маусымның үлгілі өтуіне тікелей байланысты. Өйткені, саулықтарды бұл кезде шағылыстыру төлді қыс айларында алуға мүмкіндік береді. Ал, біздің облыстың жағдайында қыс айларында алынған қозылар біріншіден, суыққа төзімді болып өседі де, тоқтемнің суық өткек желіне шыдамды келеді. Екіншіден, қозылар ерте маркайып, жүні қалың болып өседі. Үшіншіден, күзге қарай бұл төлдерден жүн алуға болады. Осындай ерекшеліктерді ескере отырып, Булаев және Қонюхов аудандарының колхоздары күзгі қой шағылыстыру маусымына тыңғылықты әзірленді. Колхоздарда саулықтарды қолдан ұрықтандыратын арнаулы пункттер дайындалды. Жоспарлы төл алу үшін колхоздарда саулықтар қошқарлардан бөлек бағылады. Бұл аудандардың қой өсірушілері қошқарлардың күтімі не ерекше назар аударып, оларды құнарлы азықтармен азықтандырды, шөбі шүйгін, суы мол жайылымдарға бақты.

Алайда, облысымызды тұтас алғанда қой шағылыстыру маусымында елеулі кемшіліктер орын алып отыр. Бірқатар колхоздардың басшылары, сол сияқты, мал мамандары мал шаруашылығын өркендетудің бұл маңызды саласына жете назар аудармай, колхоздардың бұл іске әзірлігін қамтамасыз етпеді. Тіпті кейбір колхоздардың басшылары саулықтарды қолдан ұрықтандырудың озат әдісін мұқият қолдануға маңыз бермейді. Мұндай кемшіліктер, әсресе, Соколов, Совет, Пресное, Октябрь аудандарының колхоздарында кеңінен орын алды. Бұл аудандардың көшпелік колхоздарында саулықтарды қолдан ұрықтандыратын арнаулы пункттер ұйымдастырылмаған. Ал, мал мамандары мұндай кемшіліктерге көріне-көзге жол беріп келеді.

Саулықтарды қолдан ұрықтандыру ісіне мән бермеушілік қой шаруашылығының өркендеуіне үлкен нұқсан келтіреді. Сондықтан бұл істегі кемшіліктерді жою— колхоз басшыларының әсресе, мал мамандарының негізгі міндеті болып саналады.

Әрбір фермаңың мал мамандары және қой өсірушілері қой шағылыстыру жөніндегі жоспардың жүзеге асырылуына жетісуге тиіс. Мұның өзі төл алу маусымын жоспарлы өткізуге мүмкіндік береді.

Саулықтар теккана асыл тұқымды қошқарлармен шағылыстырылуы керек. Мұндай қошқарлар облысымызда жеткіліксіз. Қой өсірушілер қошқарлардың күтіміне жете назар аударуға, оларға күн сайын жем беріп отыруға тиіс. Ал, колхоз басшылары бұл жөнінде қой өсірушілерге көмек көрсетуге міндетті.

Колхоз басшылары мен мал мамандары қой шағылыстыру жұмысының сентябрь, октябрь айларында өткізілуіне барлық мүмкіншіліктерді пайдаланатын болулары керек. Сонда ғана алдағы жылы жоспарлы төл алуға, сөйтіп, қой шаруашылығын өркендете беруге болады.

**В. ГМЫЗИН,**
**Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигі.**

## Мал қыстатуды үлгілі өткіземіз

Біздің колхоз өткен жылы жемшөптің таншы болуынан мал қыстату жұмысында елеулі қиындықтарға кездесті. Қыстың аязды кездерінде көрші колхоздардан шөпті сатып және қарызға алуға мәжбүр болдық.

Өткен жылдың осындай қиындықтарының енді қайталанбауы үшін колхозшылар мен колхоз басқармасы биылғы жылы жемшөп дайындау және мал қораларын салу жұмыстарын ерте бастан қолға алды. Бұл жұмысқа колхоздағы бар күш жұмсалуда.

Бізде жемшөп дайындау жұмысы тыңнажты түрде үздіксіз жүргізілді. Егін орағының қызу кездерінде де шөп дайындауға бөлінген адамдар жұмыстан қол үзген жоқ. Соның нәтижесінде жемшөп дайындаудың жылдық жоспары кезінде 118 процент орындалып отыр. Біз бұған қанағаттанып қоймай, шөп шабу жұмысын әлі де жүргізіп келеміз.

Қоғамдық мал шаруашылығының өнімдерін арттыра түсуде мал азығының әртүрлі болуының ерекше маңызы барлығын біз жақсы түсінеміз. Сондықтан колхоздағы бар күшті мал азығының әртүрлерін мол дайындауға пайдаланудамыз. Ірі сабақты жемшөптен тыс колхозда 1200 центнер шөп сүрленді.

Қоғамдық малды жылы, жайлы қорамен қамтамасыз ету мақсатымен қар кетісімен 14 адамнан арнаулы құрылыс бригадасы құрылды. Олар үстіміздегі жылы 130 бас сиырын бір сыйыр қорасын және 300 шошқаға бір стандартты қора салды. Сонымен бірге бұрынғы бес мал қорасын толық жөндеуден өткізді.

Егін сабаны қоғамдық мал үшін бағалы азық. Бірақ, бұған бізде өткен жылы жеткіліксіз мән бермеушілік болған еді. Біз мұндай тәжірибенің негізінен қате екенін түсініп, биылғы жылы егін сабанын ұқыпты жыйнаудамыз.

Кезір егін жыйнау жұмысы толық аяқталды. Енді барлық күш жемшөп дайындауға жұмсалмақ. Кезір 3600 гектар жердің сабаны және 16 мың центнер шөп мал қоралары жанына жеткізілді. Міне, бұл жұмыстардың барлығы қоғамдық малды қыстан шығынсыз, күйлі алып шығуымызға және мал шаруашылығы өнімдерін арттыра түсуімізге толық жағдай жасайды.

**С. ПОРШИН,**
**Калинин атындағы колхоз председатели, Октябрь ауданы.**

# Совет ауданында мәдени-ағарту жұмыстарына мән берілмей отыр

Коммунистік партия мен Совет Үкметі еңбекшілердің рухани тілегін барынша толық қанағаттандыруға айрықша көңіл бөліп келеді. Бұл абройлы міндетті орындауда, әсресе, мәдени-ағарту мекемелеріне зор жауапкершілік жүктелген. Шындығында, мәдени- ағарту мекемелері еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде, олардың саналылығын арттырып, партия мен үкмет алға қойып отырған міндеттерді орындауға жұмылдыруда жергілікті жерлердегі партия және совет ұйымдарының сенімді көмекшісі болуға тиіс.

Өздерінің абройлы жауапкершіліктерін толық сезініп, еңбекшілер арасында мәдени-ағарту, саяси-бұқаралық жұмыстарды кәзіргі талаптардың дәрежесінде жүргізіп отырған мәдени-ағарту мекемелері Совет ауданында аз емес. Мәселен, Аманкелді оқу үйінің меңгерушісі Рахымжанова жолдас еңбекшілер арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуде айтарлықтай табыстарға ие болды. Оқу үйі өз жұмыстарын колхоздың алдында тұрған шаруашылық міндеттерімен ұштастыра жүргізеді. Тек қана егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру кезінде оқу үйі дала қоста ры мен трактор бригадаларында 35 рет әңгіме өткізді, 23 жауынгерлік листок шығарып, онда жұмыста қол жеткен табыстар атап көрсетілін, орын алған кемшіліктер қатты сынға алынды. Оқу үйінің күшімен қорында 300 дана кітап бар жылжымалы кітапхана ұйымдастырылды.

Совет МТС-нің жанындағы селолық клуб аудандағы үлгілі мәдени-ағарту мекемелерінің бірі. Бұл клуб шын мәнінде механизаторлардың мәдени орталығына айналып отыр. Егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру маусымы кезінде клуб жанындағы лекторлар тобы мүшелерінің күшімен механизаторлар үшін 14 лекция оқылды, оған 1176 адам қамтылды. Осы уақыт ішінде клубтың көркемөнерпаздары егіншілерге 6 рет концерт көрсетті. Клуб коллективі дала қостарында 4 рет саулелі газет, трактор бригадаларында 32 рет жауынгерлік листоктар шығарды.

Дегенмен, ауданның колхоздары мен совхоздарындағы көптеген мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстары кәзіргі талаптардың дәрежесіне сай бола алмай отыр. Көптеген селолық мәдени -ағарту мекемелері өзінің жұмысын тек оқушылар үшін кітап босату сияқты жалаң жұмыстармен туйықтандырып, еңбекшілер арасында мәдени-ағарту жұмыстарын кең өріс тетуді, сөйтіп, еңбекшілердің өскелең рухани тілегін қанағаттандыруды естен шығарған. Қызылы селолық кітапханасы (меңгерушісі Широкова жолдас) өз жұмысын тек қана кітап оқушыларға босатылған кітаптар санын тіркеумен тындырған. Кітапхана еңбекшілер арасында ешқандай мәдени -ағарту жұмыстарын жүргізбейді. Керек десе, кітапханаңың мезгілінде ашылмауы сияқты фактілер мұнда жиі кездеседі. Ал, кітапхана жұмысы ешқандай жоспарсыз жүргізіледі. Кітап оқушылар конференциясын ұйымдастыру, еңбекшілер арасында кең насихаттауға тиіс. Бірақ, Совет ауданының колхоздары мен совхоздарындағы кітапханалардың көпшілігі бұл абройлы міндетті ойдағыдай орындай алмай отыр. Мәселен, аудандық кітапхана да СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының қаулысы туралы ешқандай әдебиет жоқ. Ал, көрнекі үгіт құралдарын мұнда тіпті де кездестіруге болмайды.

—Біз өткен үш ай ішінде кітап оқушылар үшін 12130 кітап босаттық,—дейді кітапхана меңгерушісі Дворянчикова жолдас. Бірақ, ол бұл құрғақ цифрды бетке ұстап, еңбекшілер арасында мәдени-ағарту жұмысын жүргізуде кітапхана жұмысында алып отырған кемшіліктерді бүркемелегісі келеді.

Совет ауданының колхоздары мен совхоздарында 23 мәдени-ағарту мекемелері бар. Бірақ, бұлардың осы уақытқа дейін сегізінде арнаулы үй жоқ. Григорьевка, Каганович, Молотов, Көктерек оқу үйлері жұмыс істеуге ешқандай мүмкіншілік жоқ, тар бөлмелерге орналастырылған. Ал, Арал-ағаш ауылдық Советі оқу үйінің бөлмесін колхоз басқармасы алып қойған. Осы колхоздағы клуб үйінің салынып болғанына үш жылдай уақыт болса да, ол жыл сайын астық қоймасына айналдырылып келеді. Ауданда 11 селолық лекторий жұмыс істейді. Алынған тізіме қарағанда, оның құрамында 800 интеллигент бар. Бірақ, бұл цифр ғана. Шындығында бұл мүшелердің басым көпшілігі еңбекшілер алдында бірде-бір рет лекция оқыған емес. Әсресе, аудандық мекемелердің басшы қызметкерлері еңбекшілерге лекция оқуға мүлде қатыспайды.

Аудан колхоздарындағы мәдени-ағарту мекемелері жұмыстарының бұл сияқты бұл мекемелердің жұмысына басшылық жасамай отырғандығынан деуіміз керек. Бұған мысал ретінде мына бір фактіні айтып өтудің өзі жеткілікті. Үстіміздегі жылдың 8 айы ішінде аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде, не болмаса аудандық Совет атқомінің мәжілісінде бірде-бір рет селолық жерлердегі мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыс жайы туралы мәселе қарал ған емес. Аудандық Совет атқомінің председателі Живулина жолдас идеологиялық жұмыстың бұл маңызды участогін мүлдем естен шығарып, оған басшылық жасауды екінші кезектегі мәселе деп қараған. Ал, аудандық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Тілеужанов жолдас колхоздарда болғанда мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарымен жете таныспайды, олардың жұмысын жандандыруға көмектеспейді. Керек десе, аудандық партия комитетінің басшылары бюро мәжілістерінде бұл мәселе туралы қабылданған қаулардың қалай орындалып отырғандығын тексермейді де. Мәселен, аудандық партия комитеті өзінің осы жылғы 11 июньдегі бюро мәжілісінде «Победа» колхозының председателі Спирков жолдасты колхоздағы клуб үйінің құрылыс жұмыстарын 7 июльге дейін аяқтауға міндеттеген болатын. Бірақ, Спирков жолдас аудан басшыларының бұл жұмысқа жауапсыз қарайтындығын пайдаланып, бұл міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етпеді. Колхоз комсомолцтері председательдің бұл жауапсыздығын қатты сынға алып, клуб үйінің құрылыс жұмыстарын жұмыстан тыс уақыттарда өздері аяқтауға тілек білдірді. Бірақ, колхоз председателі Спирков «егер сендер жұмыстан бос уақытта клуб үйімен айналысатын болсаңдар, ол бәрібір ертеңгі күнгі сендердің жұмыстарыңа зыянын тигізеді» деген себептен, бұл бағалы инициативаға тыйым салды. Ал, аудан басшыларының бірде-бірі, бұл жолсыз дықты көре-тұра оған ешқандай шара қол данбады.

Ауыл селодағы мәдени-ағарту мекемелерін қысқа дайындау жұмыстары да нашар жүргізілуде. Кәзіргі уақытта аудандағы мәдени-ағарту мекемелерінің 75 процентген астамы қыс күндері жұмыс істеуге дайын емес. Көптеген кітапханалар оқулықтар мен, ең ақыры қысқа қажетті отын да дайындап алған жоқ.

Мәдени-ағарту мекемелері—идеологиялық жұмыстың маңызды участогі. Сондықтан да оның жұмысына жанды басшылық жасау, сөйтіп, мәдени-ағарту мекемелерінің еңбекшілер арасында саяси-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарын кеңінен өрістете жүргізуіне жетісу, жергілікті партия ,совет ұйымдарының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Совет аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомі ауыл-селодағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына басшылық жасауда ғы өздерінің жарамсыз стильдерін өзгертулері керек.

Ж. ҚЫЙЫҚБАЕВ.

## МАЛ ҚЫСТАТУҒА ӘЗІРЛІК НАШАР

Петропавл ауданы Асанов МТС-нің қамтуындағы колхозларда мал өсіру жоспары орындалған жоқ. Малдардың өнімділігі де өте төмен. Бүгін жыл сайын колхозларда жемшөптің жеткіліксіз әзірленіп келе жатқандығы негізгі себеп болып келеді. Бұл кемшіліктерді қайталамас үшін, колхозларда биыл шөп шабуды қарқынды жүргізулері керек еді. Бірақ, жағдай бүгін мүлде керісінше болып отыр. МТС колхозларында 160150 центнер мал азығының осы күнге дейін небары 34,1 процентi ғана дайындалған. Мал азығын әзірлеу жұмыстары, әсресе, Буденный атындағы, Киров атындағы колхозларда өте- мөте қанағаттанғысыз.

Малға қыс айында ең құнарлы азық— сүрленген шөп болып табылады. Ал, МТС көлеміндегі колхозлар бойынша сүрленген шөптің жоспары небары 50,8 процент ғана орындалған. Буденный атындағы колхозда шөп сүрлеудің өте қанағаттанғысыз екені сонша, мұнда жыл басынан жоспар 14,2 процент ғана орындалды.

МТС-тің қамтуындағы колхоздарда үсті-міздегі жылы 1200 бас сиырға, 1500 бас қойға, 200 бас шошқаға қораларды жаңадан салу керек еді. Алайда, бұл жұмыстың орындалуы өте төзгісіз баяу. Құрылыс жұмыстарында колхоз басшылары қолда бар мүмкіншіліктерді орынды пайдаланбай келеді. Жыл басында ұйымдастырылған құрылысшылар бригадалары түрлі себептермен таратылып жіберілген. Көптеген ескі мал қоралары қайта жөндеуді керек етеді. Осындай кемшіліктер Киров атындағы, Буденный атындағы колхоздарда өте қанағаттанғысыз. Бұл колхоздардың председательдері Шмыков және Бондарь жолдастар қора салу жұмыстарын мүлде тоқтатып отыр.

Колхоз басшылары мал қыстағуды ұйымшылдықпен бастауға жетісуге тиіс.

**Б.БАҚАЕВ.**

## Қысқа әзірлік

Үстіміздегі жылы мал қыстатуды үлгілі өткізуге Киров атындағы колхоз (Преснов ауданы) тыңғылықты әзірленуде.

Колхозда жоспарлы жемшөп қорын жеткіліктi дайындаумен бірге, мал азығын мал қоралары жанына тасып жеткізу iсi де үлгілі ұйымдастырылған.

Мал шаруашылығы өнімдерін мол алуды қамтамасыз ету мақсатымен колхоз биыл арнаулы сүрленетін дақылдар екken болатын. Бұл учаскелерден алынған өнімнен 1500 центнер азық сүрленді.

Сол сияқты, биылғы жылы біздің колхозда 110 бас сиятын бір жаңа сыйыр қорасы салынды. Оның ішіне зоотехникалық ережелерге сай бөлмелер жасалған. Кезір колхозда мал қыстатуға керекті жаңа қоралар салу және мал қораларын жөндеу жұмысы түгел аяқталды.

**С. ҚАНАФИН.**

шілердің демалыс кештерін өткізу, дала қостары мен трактор бригадаларында баянөте төмен дәрежеде болуы, ең алдымен аудандық партия және совет ұйымдарының

**ҚКП облыстық комитетінің нұсқауышысы.**

## Көрмеге жүріп кетті

Оразақ Жарманбетов Приишім ауданындағы «Талапкер» ауылшаруашылық артелінде көп жылдан бері шопан болып істеп келеді. Осы жылдардың ішінде оның алдындағы қой отарынан бірде-бір қой шығын болып көрген емес.

Колхоз басқармасы қарт шопанның қажырлы еңбегін жоғары бағалап, оған жыл сайын қосымша ақы төлеп, сыйлықтар беріп отырады. Мәселен, ол биылғы жылдың өзінде ғана 1325 сом ақшадай сыйлық алды. Озат шопан Оразақ Жарманбетовтың еңбегі жуырда тағы да бір рет жоғары бағаланды. Ол Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат болып бекітілді.

Қарт шопан көрмеге қатысып, ондағы озат тәжрибелермен танысу үшін Отанымыздың астанасы Москваға жүріп кетті.

**М. БІРІМОВ.**

### МОЛ ТАБЫС

Петропавл ауданының «Луч Ленина» колхозының колхозшылары биыл бітік егін өсірді. Егін жайнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтап шықты.

Жақында колхоз басқармасы колхозшылардың еңбеккүніне біржарым килограмнан астық және ақша берді. Алдыңғы қатарлы колхозшы А. Любыхтың семьясы еңбеккүнге 130 пұт астық, 1100 сом ақша алды. Сол сияқты, колхозшы Ф. Дедрер 136 пұт астық, мың сомнан астам ақша алды.

**А. ҚАБЫЛОВ.**

## Кітап қоры көбеюде

Преснов ауданындағы Абай атындағы колхоздың кітапханасы жыл сайын жаңа кітаптармен толықтырылуда. Кәзір кітапханада 1800-ден астам саяси, ғылми, ауылшаруашылық және басқа көркем әдебиеттер бар. Кітапхана еңбекшілер арасында мәдени -үгіт жұмыстарын үлгілі жүргізуде. Мұнда кітап оқушылар конференциялары да жиі өткізіледі.

Кітапхана меңгерушісі Б. Жақыпова жолдас кітап оқушыларды көбейтуге үнемі ат салысып отырады. Колхозшылар К. Жаймурзин, Қ. Рамазанов және басқалары жыл басынан бері оннан аса көркем әдебиеттер оқыды.

**Е. ЕСЖАНОВ.**

## ҚАНАУШЫ ТАПТАРДЫ ЖОЮ ЖОЛДАРЫ

Марксизм-ленинизм пролетариат диктатурасы тап күресінің біткенін емес, қайта оның жаңа формада үдей түсуін сыпаттайды, деп үйретеді. Пролетариат диктатурасының міндеті буржуазияға қарсы тап күресін барлық қанаушы таптарды және таптарды жойғанға дейін, тапсыз, коммунистік қоғам орнатып болғанға дейін жүргізе беруде болып табылады.

«Таптарды жою, — деп көрсетті Ленин, — ұзақ, қыйын, қажырлы **тап күресінің** iсi, бұл күрес... пролетариат диктатурасын орнатқаннан **кейін жойылып кетпейді** (ескі социализм мен ескі социал- демократияның оңбағандарының түсінгені сияқты), тек өзінің формаларын өзгертеді, көп жағынан онан бетер шиеленісе түседі». (Шығармалар, 29-том, қазақ тілінде, 386-бет).

Капитализм мен социализм арасындағы көшелі дәуір—өліп бара жатқан капитализм мен туып келе жатқан социализм арасындағы күрестің бүтін бір заманы, азамат соғыстары мен сыртқы қақтығыстарға толы, пролетариаттың қажырлы ұйымдастыру жұмыстары мен шаруашылық құрылысының заманы. Пролетариат диктатурасынсыз капитализмді құртып, социализм жеңісін қамтамасыз етуге болмайды.

ССРО жұмысшы табы ішкі және сыртқы жауларға қарсы күресте жұмысшы табының асқан ұйымшылдығын, тәртіптілігін, ұстамдылығын, оның төңірегіне қала мен деревняның еңбекші бұқарасын топтастыруды қамтамасыз еткен Коммунистік партияның дана басшылығының арқасында жеңіске жетті. Өзінің жауынгер партиясы бастаған пролетариат мемлекеттік өкметті қанаушы таптардың қарсылығын аяусыз басу үшін, ұсақ буржуазияшыл топтарды буржуазиядан біржолата бөлiп әкету үшін, социализмнің жеңісті құрылысын ұйымдастыру үшін пайдаланды.

Таптардың және тап күресінің маркстік-лениндік теориясын онан әрі дамытып, оны ССРО-дағы социалистік құрылыстың тәжрибесі мен байыта отырып, И. В. Сталин қанаушы таптарды жою, тап күресін бітістіру немесе «сөндіру» арқылы емес, қайта тап күресін өрістету және шиеленістіру арқылы ғана жүргізіледі, деп көрсеткен болатын. Ол бұхариншілердің тап күресінің «сөнуі» туралы, кулактардың социализмге «бейбітшілік жолмен ұласуы» туралы капитулянттік, контрреволюциялық «теориясын» ақырына дейін әшкереледі.

ССРО-да социализм орнату тәжрибесі қанаушы таптардың бірде-бір позициясын ұрыссыз бере қоймайтындығын сыпаттайды. Социалистік құрылыстың жылдары социализм мен капитализм арасындағы кескілескен күрес «кімді кім жеңеді» деген ұранмен өтті. Социализмнің жеңістері капиталистік элементтердің бұрынғыдан да күшті қарсылықтарын туғызды. И. В. Сталин дәурені өтіп бара жатқан таптар бізден гөрі күшті болғандықтан емес, қайта социализм өсіп, ал өздері өлсіреп бара жатқандықтан қарсыласады, деп көрсетті. Нақ сондықтан дәурені өтіп бара жатқан таптар өлсірей түсіп, өздерінің ақырғы өмір сүрер күнін сезгендіктен де өліп бара жатқандарға тән барлық күш-құралдарымен жанталаса қарсыласады.

Коммунистік партия тап күресінің маркстік-лениндік теориясын басшылыққа ала отырып, социализмнің капиталистік элементтерге барлық майданда өрістетілген шабуыл жасауының жолдары мен әдістерін жасап берді, жаппай коллективтендіру негізінде кулактарды тап ретінде жою саясатына көшудің тарихи кезеңін дұрыс белгілеп берді. Совет өкметі еліміздi индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру жолындағы күрестің барысында қала мен деревня еңбекшілерінің қалың бұқарасының белсене қолдауымен қанаушы таптардың барін, оның ішінде ең көп қанаушы тап— кулактарды жойды.

Сонымен, ССРО-ның тарихи тәжрибесі қанаушы таптарды тап күресін шиеленістіру жолымен, пролетариат диктатурасын үнемі күшейте беру, жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайта беру, социализмнің капиталистік элементтерге күйрете шабуыл жасап отыру жолымен ғана жоюға болатындығын бұлтартпастай етіп дәлелдеп берді. Таптар мен тап күресінің маркстік- лениндік теориясымен қаруланған халық демократиясы елдерінің коммунист және жұмысшы партиялары СОКП-нің орасан зор тарихи тәжрибесіне сүйене отырып, еңбекшілерді социалистік құрылыс жолымен ойдағыдай алға бастап келеді.

### БІЗДІҢ ТАБЫСТАРЫМЫЗ ЖАУЛАРДЫҢ ҚАРСЫЛЫҒЫН ӘЛСІРЕТПЕЙДІ, ҚАЙТА КҮШЕЙТЕ ТҮСЕДІ

ССРО-да социализмнің жеңуі нәтижесінде советтік қоғамның таптық құрылымы түбірімен өзгерді. Біздің елімізде енді қанаушы таптар жоқ, тек бір-бірімен дос таптар —жұмысшы табы мен шаруалар табы, интеллигенция қалды. Коммунизм жолымен біздің алға басқанымыз сайын жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы, сондай-ақ бұл екі тап пен интеллигенцияның арасындағы таптық айырмашылықтар бірте-бірте жойылады.

Социалистік қоғамда өндірістік қатынастардың негізі — совет қоғамының таптар арасындағы достық қатынастардың экономикалық базасы болып отырған өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік. Қалада да, деревняда да адамдардың өндіріс процесіндегі өзара қатынастары қанаудан азат қызметкерлердің жолдастық ынтымағы мен социалистік өзара көмегінің қатынастары ретінде сыпатталынады.

Қала мен деревняның еркін еңбекшілерінен құралған советтік қоғамда антагонистік қайшылықтар жоқ, ол таптық қақтығысулардан аулақ және жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның достық ынтымағының бейнесін көрсетеді. Советтік қоғамның барлық таптары өзінің түбірлі саяси және экономикалық мүдделерінің, коммунизм жолында күрес мақсаттарының ортақтығымен тонтасқан. ССРО-да осы ортақтық негізінде жаңа қоғаушы күштер —қоғамның моральдық-саяси бірлігі, халықтар достығы, советтік патриотизм кең өрістеді. Бір тұтас творчестволық коллективке біріккен совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен коммунистік қоғамды ойдағыдай орнатуда.

Сонымен, ССРО-да социализм орнатудың және қанаушы таптарды жоюдың нәтижесінде тек бірімен бірі дос таптар ғана қалды, демек, совет қоғамының ішін де таптар арасында күрес жоқ және болуға тиісті де емес. Бірақ бұдан таптық күрес жөніндегі мәселе біздің халқымыз үшін енді керегі жоқ деуге болмайды.

Таптар күресінің өрісі ССРО шегімен тынбайтындығын ұмытпау керек. «Егер, — деп көрсетті И. В. Сталин,—тап күресінің бір шеті ССРО шеңберінде болып отырса, оның екінші шеті бізді қоршап отырған буржуазиялық мемлекеттермен ұштасып жатады. Мұны талқандалған таптардың қалдықтары біледі. Олар осыны біліп отырғандықтан да, олар бұдан былай да жанталаса әрекет істейді. Бізді тарих осылай үйретіп отыр, бізді ленинизм осылай үйретіп отыр.

Мұның барлығын есте ұстап, дайын тұру керек».

ССРО-да антагонистік таптар жойылып, совет қоғамының моральдық-саяси бірлігіне қол жеткендіктен біздің еліміз үшін тап күресінің барлық күші енді халықаралық аренаға көшті. ССРО-да коммунизм құрылысы капиталистік әлемнің реакцияшыл күштеріне қарсы шиеленіскен таптық күрес жағдайында жүзеге асырылып жатыр.

Империалистік буржуазия өзі тірі тұрған уақытта ССРО-да социализмнің жеңу фактісімен келіскен жоқ та және келіспейді де. Совет Одағының және демократия мен социализмнің бүкіл лагерінің қуатының артуы, елімізде коммунизм орнатудың табыстары және халықтық демократия елдерінде социализм орнауы капитализмнің өршеленген қарсылығын күшейте беруде.

ССР Одағына және халықтық демократия елдеріне айуанша өшіккен империалистік буржуазия біздің алға басуымызды барлық әдістерімен, барлық күш-құралдарымен аяқсыз қалдыруға, немесе ең болмағанда оған кедергі жасауға тырысуда. Ал, біз неғұрлым ойдағыдай алға басқан сайын, Совет Одағына және халықтық демократия елдеріне жаулардың зиянкестік жасау, нұқсан келтіру әрекеттері солғұрлым күшейе түседі. Таптық күрестің логикасы осындай.

Халықаралық капитал ССРО-ға және демократиялық лагерьдің елдеріне қарсы күресті барлық бағытта да —экономика, саяси, идеология бағыттарында жүргізуде. Империалистік агрессорлар барлық күштерімен азат халықтарға қарсы жаңа соғыс бастауға тырысуда, Батыс Германия мен Жапонияны қайта қаруландырмақ болып, соғыс блоктарын топтастыруда. Олар өрескел дипломатиялық қысым жасау, қорқыту, бопсалау, экономикалық блокада, идеологиялық диверсия жасау әдістерін қолданып, социалистік лагерьдің елдеріне шпиондар мен зиянкестер жіберуде. Бірақ бұл күрес қандай формада болса да, бұл өсіп, нығайып келе жатқан социализм дүниесі мен өлсіреп, құрып келе жатқан капитализм дүниесі арасындағы халықаралық көлемдегі тап күресі.

Бірақ, бұдан социалистік елдер мен капиталистік елдер арасында бейбітшілік, шаруашылық қарым- қатынас болмайды деген қорытынды тумайды. Тарихи тәжрибе капиталистік және социалистік системалардың қарама- қарсылығына қарамастан, олардың ұзақ уақыт бірге өмір сүріп, араларында экономикалық жарыстың болуы өбден ықтимал.

Совет халқының капиталистік дүниенің реакцияшыл күштеріне қарсы күресін тек қана ССР Одағынан тыс жердегі сыртқы күштерге дерексіз күрес деп ұғынуға болмайды. Кейбір адамдарымыздың мұндай қате ұғымы біздің капиталистік қоршаудың мәнін және біздің еліміз үшін оның хауіптілік мәнін теріс түсінгендіктерінен туады. Әрине, халықаралық буржуазия ССРО-ның ішіндегі өзінің әлеуметтік тіregінен айрылды. Бірақ, мұның өзі империалистік буржуазия Совет өкметіне қарсы күресу үшін пайдалана алатын жау элементтердің ешқайсысы қалмады деген сөз емес. Бізде буржуазиялық көзқарастар мен буржуазиялық моральді таратушылар, тірі адамдар, халқымыздың астыртын жаулары әлі бар: бұлар — талқандалған қанаушы таптардың қалдықтары, контрреволюциялық топтар мен партияларға қатынасушылар — меньшевиктер, эсерлер, бұндашылар, троцкийшілер, бухариншілдер және буржуазияшыл ұлтшылдар. Бұл жау элементтердің бәрін, сондай-ақ қоғамның азғын арамзалары — мансапқорлар, тұрмыстан азғындарды буржуазиялық разведкалар пайдаланады. Буржуазиялық және ұлтшылдық көзқарастардың қандайын болсын және совет адамдарының кейбір бөлегінің санасындағы капитализмнің басқа да қалдықтарын әріптен, жандандыру үшін капиталистік қоршау идеологиялық диверсияның барлық формаларын пайдаланады. Идеологиялық бұрмалаушылықтардың қандай формаларын болса да совет мемлекетіне қарсы өзінің бүлдіру мақсатына пайдалануға тырысады. Капитализмнің адам санасындағы қалдықтарына және олардың белсене таратушыларға қарсы күрес реакцияшыл жау идеологиялардың қандай көріністерін болса да, аяусыз әшкерелеу өзінің негізінде таптық сыйпат алмай қоймайды.

Капитализмнің адам санасындағы қалдықтарының бір түрі— социалистік қоғамдық меншікке қол сұғу. Қоғамдық меншікті ұрлап- қарлаушылар совет құрылысының экономикалық негізіне нұқсан келтіреді. Сондықтан ССРО Конституциясы қоғамдық меншікке қол сұққандарды халық жаулары деп жариялап отыр.

(Соңы 4-бетте).

**Москва.** Орденді жазушы Н. А. Островскийдің Мемлекеттік музей үйі. СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) жазушының әйелі **Р. Ф.Островская**, жазушы **Н. В. Чертова** және жазушының ағасы **Д. А. Островский** музей залдарының бірін аралап жүр.

Суретті түсірген **В. Мастюков.**
**(СОТА-ның фотохроникасы).**

## Жылжымалы кітапхана

Облыстық мәдениет басқармасы облыстық кітап саудасы мекемесімен бірлесе отырып, Булаев ауданының жаңа ұйымдастырылған совхоздарын, колхоздары мен МТС-терін мәдениетті қамту үшін жылжымалы кітапхана жіберді. Кітапхана арнаулы машинаға орналастырылған. Онда күнделікті газет-журналдар, радио қабылдағыш, шахмат, дойбы және сатылатын кітаптар бар. Кітапхананы облыстық мәдениет басқармасының аға нұсқаушысы В. Короткова жолдас басқарады.

Облыстық кітап саудасы мекемесі аудан еңбекшілеріне саяси, ғылми, көркем ауылшаруашылық, техникалық және басқа кітаптарды сатады.

Жылжымалы кітапхана Булаев ауданымен бірге, Полудень ауданының колхоз, совхоздары мен МТС-терін қамтыйды.

**А. МАКСИМОВ.**

## Көркем әдебиет кеші

Осы жылдың 29 сентябрінде совет халқының сүйікті жазушысы Николай Островскийдің туғанына 50 жыл толады. Бұл күнге арнап облыстық кітапхана көркем әдебиет кешін өткізді. Оған көптеген еңбекшілері қатысты.

Көркем әдебиет кешінде саяси және ғылми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесінің мүшесі Т. А. Рот «Николай Островскийдің өмірі мен жазушылық қызметі» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамадан кейін кітап оқушылар А. Коямакова, «Даулыдан туғандар» романынан, Э. Лаврова, П. Фомина, Р. Стрекозова және С. Малявина жолдастар Николай Островскийдің Иосиф Виссарионович Сталинге және Михайл Иванович Калининге жазған хаттарынан, Корчагиннің Артемге жазған хатынан, жазушының Ленин орденін алғанда сөйлеген сөзінен және басқа шығармалардан үзінділер оқыды.

Жазушының шығармаларына арналып фотомонтаждар және кітап көрмесі ұйымдастырылды. Онда жазушының қазақ орыс тілдеріндегі шығармалары қойылған.

**А. ЛУЧНИКОВА,**
**Облыстық кітапхананың директоры.**

## Мәдени-үгіт бригадасы

Мамлют аудандық мәдениет үйі ауданның еңбекшілерін мәдениетті қамту үшін арнаулы мәдени- үгіт бригадасын ұйымдастырды. Оны мәдениет үйінің көркемдік жағын басқарушы Бармашов жолдас басқарады. Бригада мүшелері қырмандар мен МТС-тің ауыл шаруашылық техникаларын жөндеу шеберханаларында, ферма, клубтарда, кітапханаларда концерттер қойып береді. Оның программасында совет композиторларының әндері, орыстың, украиннің және қазақтың ұлттық билері мен әндері бар. Бригада мүшелері қырмандар мен МТС-тің ауыл шаруашылық техникаларын жөндеу шеберханаларында, ферма, клубтарда, кітапханаларда концерттер қойып береді. Оның программасында совет композиторларының әндері, орыстың, украиннің және қазақтың ұлттық билері мен әндері бар. Бригада мүшелері қырмандар

# Бас Ассамблеяның 23 сентябрьдегі күндізгі мәжілісінде

НЬЮ -ЙОРК, 24 сентябрь (СОТА). Бас Ассамблеяның 9-шы сессиясының 23 сентябрьдегі күндізгі мәжілісінде Канада, Чили және АҚШ өкілдерінің сөз сөйлеуімен жалпы айтыс басталды.

Канада өкілі Пирсонның сөзінің көп бөлегі «атом қуаты жөніндегі халықаралық орган» деп аталатынды құру жөніндегі американ жоспарына арналды. Пирсон, сол сияқты, БҰҰ-да қарусыздандыру жөніндегі мәселені шешудің сәтсіздікке ұшырау кінәсін Совет Одағына аударуға тырысты. Ол, әсресе былай деп мәлімдеді: Совет Одағының атом қаруын қолдануға тыйым салу жөніндегі талабы БҰҰ-да бұл мәселе жөнінде көп жыл бойы жүргізілген келіссөздердің нәтижесіздігінің және халықаралық шиеленістің барлығының басты себебі болып табылады-мыс. Пирсон өзінің сөзінде онан әрі Солтүстік-Атлантикалық одақ батыс державалар құрған басқа да соғыс одақтары «таза қорғаныс сипаты бар» болып табылады деп дәлелдеуге тырысты.

Чили өкілі Маса өзінің сөзінде БҰҰ-ны нығайтудың қажеттілігі туралы мәлімдеді. Демократиялық лагерь елдерінің бейбіт өмір сүру туралы шақыруына тоқтала келіп, Маса «бейбіт өмір сүру жөніндегі коммунистік шақыру» «АҚШ-қа қарсы бағытталған, Солтүстік -Атлантика пактысын қыйратуды көздейтін және делегаттардың назарын Формозадағы «қандай да болса күтпеушілікпен» басқа жаққа аударушылыққа тырысу болып табылады деп мәлімдеп, американ үгітінің тозығы жеткен қағидаларын қайталады. Маса БҰҰ-ның және басқа халықаралық ұйымдардың нашар дамыған елдерге экономикалық көмек көрсету саласында жеткіліксіз қызмет атқара алмай отырғандығын атап көрсетті және бұл қызметті кеңінен өрістетуге шақырды.

Бұдан кейін АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллес сөз сөйледі. Даллес Женева кеңесінің және онда Индо- Қытай мәселесі жөнінде қол жеткен келісімнің маңызын төмендетуге тырысып, былай деп мәлімдеді: «бұл келісімнің ақырғы нәтижелері әлі де болса түсініксіз». Сонымен бірге Даллес Манила конференциясының «табыстарын» дәріптеді, ал, мұның өзі, бұрын мәлім болғанындай, Оңтүстік-Шығыс Азияда соғыс хаупін күшейтуге бағытталған отар державалардың жаңа агрессиялық блогін құрумен тынған болатын.

Американ соғыс жоспарларына керісінше әсер еткен «европалық қорғаныс бірлестігі» дейтінді құру жоспарының күйреуі туралы айта келіп, Даллес бұл оқыйға «европада бейбітшілік проблемасын қыйындатты» деген тоқтамға келді. Мұның өзінде мемлекеттік секретарь бұл жоспарды қабылдамай тастаған француз парламентінің бұл қыймылы жөнінде өзінің ашу- ызасын жасырып қала алмады. Мемлекеттік секретарь герман және Австрия мәселелерінің реттелмеуі жөніндегі кінәні Совет Одағына аударуға тырысты.

Даллес өз сөзінің басты бөлегін «атом қуаты жөніндегі халықаралық агенттік» дейтінді құру жөніндегі американдық жалған жоспар ұсынысына арнады. Бұл саладағы американың ұсынысы, Даллестің айтуы бойынша, еңалымен төмендегі мақсаттарға жетуге бағытталған:

1. Өзінің қызметін келесі жылы бастауға тиісті атом қуаты жөніндегі халықаралық агенттік құру. 2. 1955 жылдың көктемінде атомшы- оқымыстылардың халықаралық конференциясын шақыру. 3. Келесі жылдың басында АҚШ-та шетел студенттері үшін мектептер ашу, онда атом қуатының негізгі принциптері және оны бейбітшілік мақсатқа пайдалану оқытылуға тиіс. 4. Атом қуатын пайдалану саласындағы американ медициналық институттерінің тәжрибелерімен танысу үшін шетелден көптеген медициналық және хирургиялық эксперттерді шақырту.

Өзінің сөзінде, жұртқа мәлім фактілерді жоққа шығарып, Даллес атом қуатын бейбітшілік мақсатқа пайдалану жөніндегі келісімнің осы уақытқа дейін жоқ болуы себебіне Совет Одағы жауапты-мыс деп сендіруге тырысты. Мұның өзінде ол ССРО-ның атом қаруын тыю жөніндегі бірнеше рет жасаған ұсыныстары АҚШ үшін «қабылдауға мүлде болмайтын жаңдай болып табылатындығын» мойындамай қала алмады.

Жай қару- жарақ пен қарулы күштерді қысқарту туралы мәселеде БҰҰ-ның сәтсіздікке ұшырау кінәсін де Даллес Совет Одағына аударуға тырысты.

Даллес Хауіпсіздік Советінің бес тұрақты мүшесінің бірауыздылық принципіне қарсы пікір айтты және Бас Ассамблеяның келесі сессиясында БҰҰ- ның Уставын қайта қарау керек деді. Даллес ҚХР-дің осы уақытқа дейін БҰҰ-дағы өзінің орнын ала алмай отырғандығын ақтауға тырысып, Қытай Халық Республикасына қарсы ойдан шығарылған жала жабуды қайталауды естен шығармады.

Жалпы айтыс бүгін де болады.

НЬЮ- ЙОРК, 24 сентябрь. (СОТА). Бас Ассамблеяның бүгінгі таңертеңгі мәжілісінде жалпы айтыстың жалғасы болды. Бірінші болып Перу өкілі Белаунде сөз сөйлеп, АҚШтың атом ұяты туралы мәселе жөніндегі позициясын қолдады.

## Итальян сенатында

РИМ, 25 сентябрь. (СОТА). Франс-Пресс агенттігінің Римнен берген хабарына қарағанда, 23 сентябрьде үкметтік коалициялық үш топтары (христиан-демократиялық, социал-демократиялық және либералдық) сыртқы істер министрі Пиччонидің жуырда отставкаға шығуына байланысты үкметке сенім көрсету туралы қарарды сенатқа енгізген.

РИМ, 25 сентябрь (СОТА). Үкметтік топтар коалициялық үш партияның парламенттік топтарының 23 сентябрьде сенатқа енгізген сенім көрсету қарары бойынша дауыс берудің нәтижесін Шельба үкметінің пайдасына аяқтау мақсатымен өз белсенділіктерін арттыруда. Бұл топтарды қолдану кәзіргі уақытта формальді түрде қамтамасыз етілген, бірақ, үкмет шешуші кезеңде кейбір «бағынбайтын сенаторлар дауыс берудің нәтижесін хауіпке ұшрата ма деп сақтанады, өйткені үкмет сената азғантай ғана көпшілікке ие.

РИМ, 25 сентябрь. (СОТА). 22-25 сентябрьдің аралығында итальян сенатында оппозициядағы сенаторлардың талабы бойынша, үкметтің құрамын өзгерту жөніндегі мәселе, атап айтқанда Италияның сыртқы істер министрі Пиччонидің, оның ұлының қылмысты іске араласуы салдарынан болған отставкаға шығуына байланысты мәселе талқыланды. Сенаттағы оппозицияның өкілдері итальян жұртшылығының ызалануышылығын тудырған бұл даулы іске Шельба үкметінің жауапты екендігін атап көрсеткен.

Сенаттағы айтыс үкмет топтарында абыржушылық тудырған, олар үкметтік коалицияның үш партиясының өкілдері енгізген үкметке сенім көрсету қарары жөніндегі дауыс берудің нәтижесін өз пайдаларына аяқтау үшін барлық әдістерді қолданып, жанталасуда. Шельба олардың өзін жақтап дауыс беру мақсатымен монархистермен келісімге келген.

Сенаттағы дауыс берудің нәтижесінде Шельба үкметіне 97 дауыска қарсы 114 дауыспен сенім көрсетілген.

# БҰҰ Бас Ассамблеясының 9-шы сессиясында

НЬЮ. ЙОРК, 25 сентябрь. (СОТА). 24 сентябрьде күндіз АҚШ-тың делегациясы ұсынған «атом қуатын бейбітшілікке пайдалану ісіндегі халықаралық ынтымақтастық» пунктін күн тәртібіне енгізу мәселесіне байланысты Бас Комитеттің мәжілісі болды.

Күн тәртібіне бұл мәселені енгізуді Бас Комитетке ұсына отырып, АҚШ өкілі Лодж Совет Одағы осы уақытқа дейін «атом қуатын бейбітшілік мақсатына пайдалану жөніндегі халықаралық агенттік» құрудан бас тартуда-мыс деген мемлекеттік секретарь Даллестің пікірін таңды да қайталады.

ССРО өкілі А. Я. Вышинский өзінің қысқаша сөзінде Даллес пен Лоджды мәлімдемелерінің шындыққа жанаспайтынын көрсетті. Совет Үкметі, деді Вышинский, бұл мәселе жөнінде ССРО мен АҚШ-тың арасында ССРО ұсынған ұсынысты онан әрі талқылауға дайын екендігін білдіріп бірнеше рет мәлімдеме жасады. Бірақ мына мәселе айқын, Совет Үкметі «атомдық пуль» туралы мәселені отарлы державалар — Голландияның, Франция мен Австрияның өкілдері қарсы шықты. Голландия өкілі мынадай дәлелдер келтірді: оның үкметі Батыс Ириан жөнінде «қажетті қамқорлық» жасап, бұл арқылы өзінің «бейбітшілік миссиясын» атқарып отыр, сондықтан мұндай мәселені Бас Ассамблеяда талқылау «БҰҰ-ның басқа мемлекеттердің ішкі істеріне қол сұғуы болып табылар еді».

Австралия өкілі бұл мәселені БҰҰ-да қою бұл ауданда шиеленісті күшейтуге апарып соқтырады- мыс деп мәлімдеді.

Индонезияның өкілі Суджарно өз ұсынысын қорғап, былай деп мәлімдеді: Батыс Ириан жөніндегі мәселені Индонезия мен Голландия арасындағы екі жақты келіссөздер жолымен реттеуге тырысушылықтың барлығы ешқандай нәтиже берген жоқ. Суджарно былай деді: Голландия өкілінің Голландия Батыс Ириандa «бейбітшілік миссиясын» жүзеге асырып отыр деп мәлімдеуі отаршылардың өздері басып алған елдердің қайсысында болмасын орнатқан отарлық тәртінті ақтаудың бәтілі әдісі болып табылады.

## ГОМИНДАНДЫҚТАР ҚХР-ҒА ҚАРСЫ АРАНДАТУШЫЛЫҚТАРЫН ӘЛІ ДЕ ЖҮРГІЗУДЕ

ПЕКИН, 25 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Фуцзянь провинциясынан берген хабарына қарағанда, 23 сентябрьде чанкайшилік самолеттер Амойға 11 шабуыл жасаған. Халық азаттық армиясының зениттік артиллериясы үш самолетті атып түсірген және 6 самолетті зыяндаған.

Сол күні чанкайшилік самолеттер Цзючжэнь пунктіне, Чжаопу ауданындағы Гулей және Цзянкоу жарты араларына шабуылдар жасап, 17 бомбы тастаған және бейбіт халықтарды атқылаған. Цзючжэньде 5 адам жараланған, ал Гулей жарты аралында бірнеше үйлер қыйраған. Цзянкоудың жанында балық кемесі суға батырылған.

Куэмой аралындағы чанкайшилік әскерлер 23 сентябрьде Амойдың бірнеше пунктерін артиллериямен атқылаған.

дас басқарады. Бригаданың құрамында 7 адам бар.

Бұл күндері мәдени- үгіт бригадасы қырмандарда, дала қостары мен трактор бригадаларында болып егіншілер мен мекен дала қостарында болған уақытта да жауынгерлік листоктар шығаруға да белсене көмектеседі. Түрлі тақырыптарда әңгімелер өткізеді.

**И. НИКОЛАЕВ.**

*„Ленин туының“ дабылынан кейін*

## „Сауда орнындағы жолсыздық“

Осы тақырыппен газетіміздің осы жылғы 25 августағы санында жарияланған тілші хатында Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың дүкен сатушысы К. Жаманкин жолдастың өз жұмысына жауапсыз қарап, сауда тәртібін бұзып келгендігі айтылды.

Преснов аудандық тұтынушылар одағының председатели Батырев жолдас газет дабылы бойынша жүргізілген тексерістің нәтижесі туралы бізге мынаны хабарлады:

Тексерістің нәтижесінде мақалада көрсетілгеніндей, Талпын дүкенінің сатушысы Жаманкиннің сауда жасайтын сағаттардың графигін бұзып келгендігі, күнбе-күнгі тұрмысқа қажетті товарлар ветринада болмағандығы, кейде жұмыс уақытында маскүнемдікке салынып кету фактілері болғандығы анықталды.

Тексерістің нәтижесі және сатушы Жаманкиннің совет сауда принциптерін бұзғандығы туралы Благовещенка селолық тұтынушылар қоғамының мәжілісінде мәселе қаралып, оған ескерту жасалды. Сауда тәртібін бұзып келгендігі жөнінде мәселе қарау үшін коммунист Жаманкиннің ісі Аманкелді атындағы колхоз бастауыш партия ұйымына берілді.

МАРКСТІК-ЛЕНИНДІК ТЕОРИЯНЫ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

# Марксизм-ленинизм таптар және тап күресі туралы

**(Соңы. Басы 2-3-бетте).**

Капитализмнің еңбек жөніндегі қалдық тарына қарсы күрестің де таптық сыйпаты бар, өйткені еңбек тәртібін бұзу, іске салақ қарау— ескіліктің, қанаушылық құрылыстың әлі жойыла қоймаған мұрасы. Міне сондықтан да В. И. Ленин жаңа тәртіпке тәрбиелеу, еңбекке жаңа көзқарастар рухында тәрбиелеу пролетариат диктатурасы заманындағы таптық күрес формаларының бірі деп атады. Коммунистік партияның басшылығымен советтік қоғам тұтас алғанда, — капитализм қалдықтарын тікелей таратушыларға —артта қалған элементтерге қарсы күресуде.

Коммунистік партия социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жағдайында идеологиялық жұмысты бұрынғыдан да кең өрістете түсіп, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісіне қажымастан қамқорлық жасап отырады. Партия идеологиялық жұмысты бағаламаушылықтың зиянды әдеттерімен батыл күресуді талап етеді, өйткені, қандай бір участокте болсын, идеологиялық жұмысты әлсірету совет адамдарына буржуазиялық идеологияның ықпалының күшеюіне сөзсіз әкеліп соғады.

Партияның идеологиялық жұмысы адамдардың әрбір топтарының санасындағы капитализм қалдықтарын жоюға барлық еңбекшілерді еңбекке коммунистік көзбен қарау, социалистік еңбекке ұқыпты қарау тұрғысында тәрбиелеуге бағытталған. Партия бұқараны советтік патриотизм және пролетарлық интернационализм рухында, мемлекеттік мүдделерді терең ұғыну рухында, асқан революциялық қырағылық рухында, ішкі және сыртқы жауларға қарсы күресте мейірімсіздік, табандылық рухында үнемі тәрбиелеуде.

Коммунистік партия коммунизмді жеңіс пен орнатудың аса маңызды құралы болған Совет мемлекетінің экономикалық қуатының бұрынғыдан да күшейе беруі үшін барлық шараларды қолданады. Ол жұмысшы табы мен шаруалардың одағын үнемі нығайта береді. ССРО халықтарының достығын нығайтып, ұлғайта береді. Партия, Совет мемлекетінің қорғанымпаздығын күшейту, Отанымызды империалистік агрессорлардың шабуылынан хауіпсіздендіруді қамтамасыз ету жөнінде тынбастан қамқорлық жасауда.

Тап күресінің маркстік-лениндік теориясы барлық елдер пролетариатының таптық күресінің тәжрибесінде тамаша сынан өтіп, дәлелденді. Россиядағы үш революцияның тәжрибесі ССРО-да социализмнің жеңісі, Еуропа мен Азияның бірқатар елдерінде халықтық демократия тәртібінің жеңісі және нығаюы, дүниежүзілік екінші соғыстан кейін коммунистік партиялардың орасан зор өсуі, отар және тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысының аса зор кең өріс алуы таптық күрестің маркстік-лениндік теориясының ұлылығы мен жеңілмейтіндігін әбден дәлелдеп берді.

**В. ПЛАТКОВСКИЙ.**

қолдану хаупін жою проблемасын өзінен-өзі шешпейді деп есептейді. Вышинский мынаны атап көрсетті: Совет Одағы бұл мәселеде мына позицияны жақтайды: мемлекеттер атом қаруын қолданбауға өздерінің бел байлап отырғандықтарын мәлімдеуге тиіс және мұндай шара атом қуатын бейбітшілік мақсатына пайдалану саласында ынтымақтастыққа жол ашар еді. Бұл мәселенің жағдайын толық түсіндіру мақсатымен, деді онан әрі Вышинский, Совет Үкметі бұл мәселе жөніндегі ноталарын мазмұнын жариялауды ұсынды.

ССРО делегациясы, деді сөзінің қорытындысында А. Я. Вышинский, бұл маңызды мәселені Бас Ассамблеяның 9-шы сессиясының күн тәртібіне енгізуге ризашылығын білдіреді.

Бас Комитет Ассамблеяның күн тәртібіне бұл мәселені енгізуді бірауыздан бекітті және оны бірінші комитеттің қарауына беруге қаулы алды.

Бас Комитеттің жұмысы аяқталғаннан кейін Бас Ассамблеяның мәжілісі болды. Онда күн тәртібін талқылау онан әрі жүргізілді. Бұл мәжілісте күн тәртібіне Батыс Ириан (Жаңа Гвинеяның батыс бөлегі) және Кипр аралы жөніндегі пункттерді енгізу туралы мәселенің төңірегінде қызу айтысуды.

Индонезия ұсынған Батыс Ириан туралы мәселені күн тәртібіне енгізуге Ливан өкілі Индонезияның ұсынысын жақтап сөз сөйлеп, БҰҰ-ның бұл мәселені бейбіт жолмен реттеуге қатысуы оның борышы болып табылады. Өйткені, еңалдымен оның бір мүшесі бұл ұйымның екінші мүшесіне қарсы негізделген айыптар ұсынып отыр деп атап көрсетті.

Индия өкілі бұл мәселені күн тәртібіне енгізуге қарсы шығушылардың дәлелдерінің негізсіздігін көрсете келіп, былай деді: «отаршылар өздері бір кезде басып алған территорияларға иелік жасау правосын қорғау үшін әрқашан таңқалардық себептерді келтіре біледі».

Атап дауысқа салудың нәтижесінде Батыс Ириан туралы мәселе күн тәртібіне енгізілді. Бұл мәселені жақтап 39 делегация дауыс берді, 12 делегация қарсы шықты, 9 делегация қалыс қалды.

Күн тәртібіне Кипр аралы туралы пунктті енгізу жөніндегі мәселені талқылауға көшерде Ирак делегаты бұл мәселең; Бас Ассамблея сессиясы жұмысының ең соңғы кездерінде қарауға қалдыру туралы ұсыныс енгізді. Бұл ұсыныс қабылданбай тасталды.

Англия өкілі Ллойд бұл пунктті Бас Ассамблеяның күн тәртібіне енгізбеу туралы Бас Комитеттің 23 сентябрьдегі мәжілісінде жасаған мәлімдемесіндегі ағылшын делегациясының дәлелдерін тағы да қайталады. Атап айтқанда, ол қайталап былай деп мәлімдеді: Кипр аралы Англия 30 дауыс көпшілікпен, 19 дауыс қарсы, 11 дауыс қалыс қалған жағдайда Кипр жөніндегі мәселе ассамблеяның күн тәртібіне енгізілді. Бұл пунктті күн тәртібіне енгізуге қарсы Англияның, Францияның, Түркияның, Бельгияның, Голландияның, Австралияның және біржағар басқа елдердің делегаттары қарсы дауыс берді. АҚШ-тың, Индияның, Иранның, Ирактың және біржатар латын америкасы елдерінің делегациялары дауыс беруде қалыс қалды. Сөйтіп, Батыс Ириан және Кипр аралы туралы мәселені күн тәртібіне енгізу жөніндегі болған дауыс берудің барысында отарлы державалар жеңіліске ұшырады.

Бас Ассамблея өзінің келесі мәжілісінде Бас Комитеттің баяндамасы бойынша күн тәртібін бекітуді онан әрі жүргізеді.

НЬЮ-ЙОРК, 25 сентябрь. (СОТА). Бүгін Бас Ассамблеяның пленум мәжілісінде алдын ала келісілген күн тәртібін қарау одан әрі жүргізілді.

Бас Ассамблея күн тәртібін мақұлдады және Бас Комитеттің ұсынуы бойынша мәселелерді комитеттерге бөліп берді. Бас Ассамблея өз жұмысының графигін бекітті және сессияның жұмысының бітер күнін 10 декабрь деп белгіледі.

Осымен Бас Ассамблеяның мәжілісі жабылды. Келесі мәжіліс 27 сентябрьде таңертең болады.

### БАТЫС ГЕРМАНИЯНЫ ҚАРУЛАНДЫРУҒА ҚАРСЫ

ПАРИЖ, 24 сентябрь. (СОТА). Француз халқы батысгерман көкшілдерін қандай түрде қаруландыруға болса да батыл түрде қарсы шығуда.

«Европалық армия» құруға қарсы күрес комитеті бүкіл елде Германияны қаруландыруға қарсы күрес комитетіне айналуда.

Париж маңындағы Нандердің бір топ тұрғындары, Рона департаментінің бейбітшілікті жақтаушылар ұйымы, төменгі Сена департаментінің бір топ қоғам және саяси қайраткерлері, Брест қаласының муниципальдық кеңесшілері — социалистер мен коммунистер және басқа көптеген басқалары Мендес -Франсқа хат жолдап, онда батысгерман армиясын құрудан бастартуды және гитлерлік Германияға қарсы күрестегі барлық одақтастармен бірлесе отырып, герман проблемасын бейбітшілік жолмен шешу мақсатында күш жұмсауды талап еткен.

Жуырда Франция әйелдерінің Ұлттық Советі одағының мәжілісі болып, онда француз әйелдер одағының бас секретары Клодина Шома баяндама жасаған. Ол Индо—Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру жөніндегі келісім мен Ұлттық жыйналыстың Париж договорын қабылдамай тастауы француз халқының бейбітшілік жолындағы күресінде ұлы табыстар болып табылатындығын атап көрсеткен.

## Лаостағы жағдай

ШАНХАЙ, 26 сентябрь. (СОТА). Вьен-Тьяннан берілген хабарға қарағанда, соңғы уақытта Лаоста саяси жағдай шиеленіскен. 18 сентябрьде Лаостың астанасы Вьен-Тьянда белгісіз адамдар Лаостың қорғаныс министрі Куваравогты өлтірген. Мұның соңынан іле-шала премьер-министрдің орынбасары Фуи Сананикон отставкаға шыққан, ол сонымен бірге сыртқы істер министрі әрі ішкі істер министрі қызметін атқарған болатын.

Лаостағы саяси жағдайдың шиеленісуі Индо-Қытай елдеріндегі соғыс қимылдарын тоқтату жөніндегі Женева кенесі қарарының жүзеге асырылмауына тырысып отырған шетелдік топтардың мүддесіне сай келеді. Осыған байланысты мынаны атап өту қажет: соңғы кездерде АҚШ оны жуырда Манил конференциясында ұйымдастырылған Оңтүстік-Шығыс Азиядағы соғыс блогына тартуға тырысып, Лаосқа ерекше назар аударуда. Тайландтың «Сиамикон» газетінің хабары бойынша Вашингтон Лаосқа Тайландтың әскери базаларын пайдалануға рұқсат беруді талап етіп отыр.

## Лондон портындағы ереуіл

ЛОНДОН, 26 сентябрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, Темзедегі кеме жөндеу верфтеріндегі 8 мың жұмысшының 5 мыңы ереуіл жасауда. Ереуіл 20 сентябрьде үш жұмысшыны жұмыстан шығарғаны үшін, 500 электрші жұмысын тоқтатқан кезде басталған. Оларға верфтің басқа жұмысшылары қосылған. 28 сентябрьде Лондон портында митинг болады, онда жұмысты толық тоқтату жөнінде мәселе талқыланады.

### БАТЫС ГЕРМАНИЯДА ЖАНАРМАЙ ҚОЙМАСЫНЫҢ ЖАРЫЛУЫ

БЕРЛИН, 24 сентябрь. (СОТА). «Телеграф» газетінің хабарына қарағанда, 23 сентябрьде Битбургте (Рейнланд-пфальц) Солтүстік- Атлантикалық одақтың қарулы күштеріне қарайтын соғыс аэродромының жанында реактивтік истребительдерге арналған 5 миллион литр жанармай сақталған жер астындағы қойма жарылған. Жарылу кезінде, деп хабарлайды газет, қойманың ішінде құрамында АҚШ-тың, Франция мен Батыс Германияның өкілдері бар 40 адамдық аралас комиссия болған. Олардың барлығы дерлік қаза тапқан болуы керек деп жорамалданады.

Хабарда, сонымен бірге жанармайларды жақын жердегі өзенге ағызу арқылы сыйымдылығы бір миллион литр көршідегі жанармай қоймасының жарылуы болдырылмаған деп атап көрсетілген.

Газет былай деп хабарлайды: жарылу кезінде оттың жалыны 300 метр биіктікке жеткен. Толық емес мәліметтерге қарағанда, жарылу кезінде 30-ға жуық адам өлген және 50 адам ауыр жараланған.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

## Кинода

**«УДАРНИК» кинотеатрында**

**«АДАМ ТУРАЛЫ ЖЫР»**

Сеанстар кешкі сағат 7, 9 және 11-де басталады.

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«АҚЫРҒЫ РАУНД»**

Сеанстар кешкі сағат 8-30 және 10-30-да басталады.

Тоқшын ауыл шаруашылығы мектебі жаңа оқу жылына колхоздардың жолдамаларымен келгендермен бірге мал дәрігерлер даярлайтын бөлімге орта білімдері бар басқа да адамдарды қабылдайды.

Мектепке қабылданғандарға 230 сом мөлшерінде стипендия төленеді.

Мектепке қабылдау тәртібін Полудень ауданы Тоқшын станциясындағы ауылшаруашылық мектебінен білуге болады.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.**

**УШ 02668.** **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.**